


Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні – мүмкіндікке, тәуекелді табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу әркімнің өз қолында.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...

9

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 14 шілдедегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
622 545

II компонентпен
359 477

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

48

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz




9 772223 237006

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №84 (6060) 15 шілде, бейсенбі, 2021 жыл.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ВАКЦИНА АЛУ ҚАРҚЫНЫН КҮШЕЙТУ АРҚЫЛЫ ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ТҰРА АЛАМЫЗ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев кеше «Алматы» телеарнасындағы дәстүрлі Akimat LIVE бағдарламасына онлайн режимде қосылып, тікелей эфирде алматылықтардың сұрақтарына жауап берді. Сөздің әлқиссасын эпидемиалық ушығып тұрғандығымен бастаған қала әкімі жағдайдың күрделілігіне «дельта» штамы себепші екенін айтты. Сол себепті де вакцина алу қарқынын баяулатпаған жөн.

2-3

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Шаһар басшысы Медеу ауданындағы жолдар мен
әлеуметтік нысандар құрылысымен танысты



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары барысында «Думан», «Алатау» және «Көлсай» шағынаудандарына барды. Мұнда қала тұрғындарының өтініштері бойынша жол мен спорт нысандары және инженерлік коммуникация желілері салынууда.

Медеу ауданында абаттандыру бойынша жүзеге асып жатқан ауқымды жобалардың

бірі – су қорғау жолағы және Есентай өзенінің арнасын су бөлгіштен Жамақаев көшесіне дейін реконструкциялау жұмыстары болып табылады. Қала әкімі жағалаулардың жөнделген және нығайтылған учаскелерін, сондай-ақ өзен арнасының кеңейген әрі тереңдетілген жерлерін аралап көрді.

(Жалғасы 4-бетте).

ҚЫСҚА...

- Мегополистің «Думан», «Алатау», «Көлсай» шағынаудандарында жолдар қалпына келтірілуде.
- Алматыда азық-түлік өнімдері мен құрылыс материалдарын шығаратын 8 жоба қолға алынды.
- Қала бойынша бір тәулікте 15 мыңнан астам адам вакцина алды.
- Биыл «Болашақ» бағдарламасына 1055 стипендия бөлінді.
- Үндістан «Спутник V» вакцинасын өндіруді қолға алмақ.



Төрт өңірде карантиндік шаралар қатаңдатылады

Премьер-Министр Асқар Мамин ел аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (ВАК) отырысын өткізді



Қазақстандағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай күрделі. COVID-19-бен сырқаттанушылар саны артуда. Коронавирустың «дельта» штамының өсуі барлық аймақта тіркелген. Вирустың репродуктивтік индексі – 1,2, инфекциялық төсек-орын жүктемесі – 43%, реанимациялық төсек-орын – 35%.

Коронавирустың таралу қарқыны бойынша 12 өңір «қызыл аймақта» тұр. Олар: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары. «Сары аймақта» Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстары, «жасыл аймақта» – Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары.

Бүгінгі таңда 4,6 млн.-нан астам адам немесе вакцина алуға жататын адамдардың 46,5%-ы бірінші компонентті, 2,5 млн.-нан астам адам екінші компонентті алған. Халықты вакцинамен қамтудың ең төмен көрсеткіші Маңғыстау облысында – 23,6%, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында 39%-дан байқалады.

ВАК ел бойынша сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің 55%-ын құрайтын Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында, Қарағанды және Атырау облыстарында карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдады.

Вакцина алған және соңғы 3 ай ішінде коронавирустан жазылып шыққан адамдарды қоспағанда, барлық ұйымдардың 80% қызметкері үшін қашықтан жұмыс істеу форматы енгізіледі. Үкімет басшысы өңірлердің әкімдіктеріне, орталық мемлекеттік органдарға денсаулық сақтау жүйесінің ресурстарын жұмылдыру, оның ішінде резервтік төсек-орындарды, дәрі-дәрмектерді, жеке қорғаныш құралдарын, медициналық жабдықтар мен кадрларды қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдауды тапсырды. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек жұмысына ерекше назар аудару керек. Премьер-Министр өңірлердің әкімдіктеріне, әсіресе Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында вакциналау қарқынын күшейтуді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ВАКЦИНА АЛУ ҚАРҚЫНЫН ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Қалада соңғы тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 640 жағдай тіркелді

Шаһар басшысының тікелей эфирде айтқан мәліметтеріне сүйенсек, 14 шілдеге дейін коронавирус инфекциясының 80 091 жағдайы тіркелген. Оның 62 956-ы симптомды, ал 17135-і симптомсыз, анықталмаған пневмония – 2025.

Соңғы тәулікте 640 жағдай тіркелсе, оның 574-і симптомды, 66-ы симптомсыз, ал анықталмаған пневмония – 4.

«Бүгінде қуаттылығы 5200 төсек-орынға артқан инфекциялық стационарларда барлығы 1947 науқас бар, оның ішінде 168 бала емделуде. Сонымен қатар, науқастардың 55-інің жағдайы өте ауыр, 428-і ауыр, 1464 орташа ауырлық дәрежеде. Реанимация және интенсивті терапия бөлімдерінде барлығы 133 науқас бар. ӨЖЖ аппаратында – 28, инвазивті емес ӨЖЖ – 46, High flow аппаратында – 42 науқас жатыр», – деді Б.Сағынтаев.

Қалада санитарлық-эпидемиологиялық ахуал ушыға түсуде. «Дельта» нұсқасына қатысты КВИ дертінің өсуі жалғасуда. Соңғы 7 күн ішінде КВИ-дің симптомды ауруларының үлес салмағы өткен 7 күнмен салыстырғанда 2 есеге, яғни 53%-дан 88%-ға дейін өскен, бұл КВИ-дің ауыр клиникалық көрінісін қалыптастыратын «дельта» нұсқа айналымының тез таралуы салдарынан болуда.

Соңғы 2 аптадағы жас құрамының талдауы дельта нұсқасының жоғары контагиозды болуынан балалар мен жастарға вирус тез жұғуда: 2%-ға төмендеуіне қарамастан 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі 13%-дық жоғары күйінде қалуда; 20 жастан 40 жасқа дейінгі азаматтар арасында дерттің ең жоғары деңгейге 3,4%-ға (39%) асқинуы үлкен алаңдаушылық тудыруда. Сондай-ақ, 40–59 жастағылар арасында жұқтыру деңгейі – 25%, яғни, әрбір 4-ші адам инфекция жұқтырған. 60 жастағы аға буын арасында жұқтырудың үлес салмағы 1,6%, бұл имундану мен мобильділіктің төмендігінің нәтижесі.

Жұмыспен қамту бойынша соңғы 14 күнде КВИ дерті өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында басым болып тұр, яғни 37% (өсім 2%), түрлі ЖШС, ЖК, АҚ қызметкерлері арасында – 19% (бұрынғы деңгейден), зейнеткерлер арасында – 16,6% (0,8%-ға төмен), сондай-ақ мектеп оқушылары арасында – 10,1% (0,2%-ға төмен) және мектеп жасына дейінгі балалар арасында – 6,7% (сол деңгейде), бұл науқастар санының 90%-ын құрайды.

Соңғы аптада алдыңғы аптамен салыстырғанда КВИ-ді отбасында жұқтыру дерегі 9%-ға төмендесе, туыстарымен, көршілерімен, достарымен байланыста болғандар – 0,2%-ға азайған.

Соңғы 7 күнде КВИ жұқтыратын негізгі орындар ретінде анықталғандардың қатарында сауда нысандары бар, ол – 31%, отбасылар – 18%, қоғамдық көлік – 16%, базарлар – 11% және қоғамдық тамақтандыру орындарына 4 пайыз тиесілі.

Шаһар басшысы қалалықтарды КВИ-дің алдын алуының ең тиімді әрі жалғыз қорғаны болып табылатын вакциналану қарқынын төмендетпеуге шақырды. 14 шілдедегі жағдай бойынша 615 661 адамға вакцинаның I компоненті егілді. Өткен тәуліктерде вакцина алғандар 15 257 адам. Екпе алғандардың жалпы санынан 60 жастан асқандар 91 263 адамды құрайды.

Қаладағы медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдени және спорттық мекемелерде, базарларда және СОСО-ларда 212 вакциналау (250-ге дейін ұлғайту мүмкіндігі бар) пункті жұмыс істейді. Құрамында 1260 адам бар 308 екпе бригадасы жұмылдырылған.

IT мамандарын тегін оқытатын бағдарлама басталады

Сөз арасында қала әкімі Б.Сағынтаев студенттердің де жаппай вакцина алуы маңызды екенін баса айтты.

«Вакцина бар, тұрғындар белсенді түрде вакцина алуға келіп жатқандықтан бізге вакцина қажетті мөлшерде жеткізіліп тұр. Жақында қалаға студенттер де келеді. Олар бізге еліміздің әр аймағынан келетіндіктен,



олардың вакцина алған, алмағандарын тексеруіміз қажет. Өйткені, қалада 170 мыңға жуық студент оқитын болса, соның 64 000-ы біздің қаланың тұрғындары, қалғандары сырттан келеді. Олардың бәрі бізге қосымша жүктеме екені рас. Қазір біз ректорлармен жұмыс жүргізудеміз, сырттан келетін студенттер де вакцина алуы тиіс. Әйтпесе, «дельта» жағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін. Вакцина алу қарқынын күшейту арқылы біз індетке қарсы тұра аламыз», – деді әкім.

Ерекше айта кетерлігі, мегаполисте жастар үшін IT мамандарына тегін оқытатын бағдарлама басталады.

Техникалық жоғары оқу орнының 4-курс студенті әкімнен тағылымдамадан өту және жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы сұраған еді. Қала әкімі оған тегін оқыту бағдарламасының басталатынын туралы айтты.

«Біздің Алматыда IT-саласының дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген жастар жетерлік. Алда 500 миллион долларға IT-шешімдер экспортын шығару мақсат етіліп отыр. Ал ол үшін мамандар керек, сіздер сияқты жастар. Біз қазір ортақ коммуникациялық платформа ашып отырмыз. Онда барлық жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілердің басын қостық. Сол арқылы екі жақ бірін-бірі таба алады. Мысалы, Home Credit Bank екі айлық оқу тәжірибесінен өткен талапкерлерді жұмысқа алуға дайын. Тіпті, басқа мамандыққа оқып шыққан үміткерлерді оқытуға, жұмыс берушіге ұнаған жағдайда жұмысқа алуға дайын. Яғни банк өзіне дипломы бар мамандарды емес, шынымен талантты жастарды жұмысқа тартуда. Цифрландыру басқармасына тапсырма беріп, тәжірибеден өту мүмкіндігін қарастыратын боламыз. Әрі қарайғы қолдау шараларына келсек, сіз дер кезінде сұрақ қойдыңыз. 15 шілдеден бастап біз Home Credit Bank-інде жас IT мамандарына арналған авторлық оқыту және тағылымдамадан өту бағдарламасы негізінде пилоттық жобаны бастаймыз», – деді Б.Сағынтаев.



Home Credit University-мен бірге әрбір талантты адамға жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндік берілмекші. Курс аясында «Бизнес аналитика» бағытында ORACLE (PL SQL), Power BI дерекқорларын және басқа да сұранысқа ие тетіктерді пайдалануға болады.

Тестілеу кезеңі ағымдағы жылдың 15 шілдесінен 15 тамызына дейін созылады. Оқу форматы – онлайн жүреді. Бағдарламаға экономикалық және техникалық мамандықтардың 3-4-курсының студенттері қатыса алады. Қатысу үшін Бірыңғай коммуникациялық кеңістіктің (<https://ekp.digital-almaty.kz/>) сайтында анкета толтыру керек; онлайн тестілеуден өтуге және оқуды бастауға болады.

Курстың әр студенті Home Credit University-нің сертификатын алады, ал емтихандарды үздік тапсырғандар тағылымгер және штаттағы қызметкер ретінде «Хоум Кредит Банкінің» үлкен отбасының бір мүшесі бола алады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап Алматы қаласының әкімі ресми түрде Бірыңғай коммуникациялық кеңістікті толық ашады, оған үздік университеттер – ҚБТУ, СДУ, КИМЭП, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, АТУ, Алма университеті, Сәтбаев университеті, МУИТ енеді.

Бірнеше жыл ішінде IT таланттарын тартуға арналған экожүйе құру жоспарлануда. Бұл қала деңгейінде білікті және бейімделген мамандарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бизнестің тікелей коммуникациясы және білім беру кластері есебінен кадрлық ресурсты арттыру міндеті шешіледі.

Азық-түлік бағасының қымбаттауына жол берілмейді

Тікелей эфир барысында тұрғындар азық-түлік бағасының тұрақсыздығына байланысты сауалдар қойды. Шаһар басшысы Алматыда азық-түлік бағасының қымбаттауына жол бер-



КҮШЕЙТУ АРҚЫЛЫ ТҰРА АЛАМЫЗ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

меу мақсатында шаралар қабылданып жаканына тоқталды.

Шілденің бірінші аптасында ТБИ 0,4%-ға төмендегені байқалды, бұл қаланың позициясын 4 тармаққа (5-тен 9-ға) төмендетуге мүмкіндік берді. Бұл көрсеткішке жедел және стратегиялық шаралар арқылы қол жеткіздік. Мәселен, жеңілдетілген несие бойынша жалпы сомасы шамамен 8 млрд. теңге берілді. Сауда желілері мен өндірушілер қатысты, оның ішінде:

– 3,1 млрд. тг «Magnum Cash & Carry» ЖШС 12 атаулы ЭМАТ (ұн, күріш, қарақұмық жармасы, макарон өнімдері, кант, құнбағыс және сары май, айран, сүт, сүзбе, тауық еті және сиыр еті). Аталған тауарлар осы жылдың соңына дейін белгіленген бағамен сатылады.

– Осы жылдың қараша айына дейін 10 ЭМАТ (ұн, күріш, нан, макарон өнімдері, құнбағыс және сары май, айран, сүзбе, тауық еті, тұз) сөресінде бағаны белгілеу үшін «Тоймарт» сауда желісінің 245 млн. теңгесі осы мақсатқа пайдаланылады.

– 1 млрд. тг «Ақсай» ХБК» ЖШС 23,8 мың тонна нанды белгіленген нақты бағасымен жеткізу үшін (75 тг/бөлке) осы жылдың желтоқсан айына дейін.

– 800 млн.тг «Алсад Қазақстан» ЖШС-не 49,6 млн. жұмыртқа жеткізу үшін белгіленген нақты бағасы 400 тг/ондығы, 3 жыл ішінде.

– 88 млн.тг «Асыл Meat» ЖШС 6 фирмалық дүкенге 90,5 тонна сиыр етін жеткізу үшін 2022 жылдың маусымына дейін 2050 тг/кг.

Қосымша 255 тг/кг-нан 5 мың тонна кант жеткізу үшін ірі кант өндіруші – «Меркі кант зауытына» «айналым» замын беру пысықталып жатыр.

Қаланың 7 негізгі азық-түлік базарларында (Көк базар, Жаңа Ақбұлақ (көтерме сауда), Сары-Арқа, Тастак, Таусамалы, Алматы-1, Түркісіб жәрмеңкесі) «әлеуметтік дүкендер» жұмыс істейді.

ЭМАТ-тың 10 атауы (картоп, сәбіз, пияз,

қырыққабат, кант, қарақұмық, құнбағыс майы, күріш, макарон өнімі, ұн) орташа нарықтық бағадан төмен белгіленген бағамен сатылады, бұл сатушылар арасында бәсекелестік орта қалыптастырады және халықты қолжетімді бағамен көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021 жылғы 24 маусымда Алматы қаласы мен Алматы облысының өңіраралық кооперациясы шеңберінде өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Сапар қорытындысы бойынша Алматы облысына «JLC Сүт» ЖШС-мен (сүт, сүзбе) көлемі 1000 тонна Магнум және «Naz-Dana» ШҚ (пияз) сауда желілеріне Small және Toimart сауда желілеріне жеткізу бойынша шарттар жасалды. Сондай-ақ, «Алатау құс» (тауық еті) компаниясынан 820 тг/кг-нан 1200 тонна өнім жеткізу үшін 1 жылға 1 млрд. теңге сомасына «айналым» қарызын беру мәселесі қаралып жатыр.

Сонымен қатар, картоп пен сәбіз бағасының өсуіне байланысты жедел түрде Түркістан облысынан көкөністерді тікелей жеткізу мәселесі шешілді. Бұл картопқа көтерме бағаны келісін 260 теңгеден 125 теңгеге дейін, сәбізге келісін 450 теңгеден 200 теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

2021-2022 ж.ж. маусымаралық кезеңде (2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы сәуірге дейін) 22 мың тонна көкөністі сатып алу шарты жасалды. «Магнум» және басқа да сауда желілерінде сату үшін 2,5 млрд. теңге жұмсалды.

«Тілсіз жауды бірігіп қана жеңе аламыз. Ол үшін біз бір-бірімізге жанашыр болайық!»

Эфир барысында қала әкімі Бақытжан

Сағынтаев әдеттегідей алматылықтарды толғандырған сауалдарға да жауап берді. Шеткі аудандардағы жол инфрақұрылымы, қоқыс мәселесіне қатысты сауалдарды аудан әкімдері мен сала басшыларын тікелей байланысқа қосып, бірден шешіп отырды. Тіпті, кейбір тұрғындардың сауалы бойынша бар мәселені қала әкімі өзі барып көретінін жеткізді.

Сұрақ: Мен Түркісіб ауданы, «Нұршашқан» ықшамауданының тұрғынымын. Біз Саңлақ көшесі, 149 мекенжайында тұрамыз. Біздің көшеде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселді. Бірақ асфальттың деңгейі биік болғандықтан, жаңбырлы күні судың барлығы аулаға келеді. Міне, соңғы үш күн жаңбыр тоқтаусыз жауып, аула суға толды. Осыған байланысты тиісті шаралар жүргізуіңізді сұраймын.

Б.Сағынтаев: Мен сіздің өтінішіңізді қабылдадым. Мекенжайыңыз бойынша тексеріс жұмыстарын жүргізіп, тиісті шараларды қолға аламыз.

Сұрақ: Сіздің келуіңізбен көптеген ауруханалар мен емханалар ашылды, бірақ бізде оңалту орталықтары жетіспейді. Осы мәселеге көңіл бөліне ме? Бізде жаңа оңалту орталықтары салынады ма?

Б.Сағынтаев: Біз жақында Еңбек министрлігімен бірлесе отырып, 150 орынды оңалту орталығының құрылысын бастаймыз. Орнын да белгілеп қойдық. Біреуі Құлжа трактісінің бойында. Ал екінші орталық Абай мен Мәсанның көшелерінің қиылысында бой көтереді. Қоғамдық денсаулық басқармасы арқылы бұрынғы темір жол ауруханасын мемлекет меншігіне қайтарып, сол жерге Балалар оңалту орталығын салуды жоспарлап отырмыз. Одан бөлек, біз бір ай бұрын Достық көшесінде Әлеуметтік қызметтер орталығын іске қостық. Әкімдіктің барлық әлеуметтік басқармаларын сол ғимаратқа көшірдік. Бұл ғимаратта жоба бойынша 80 жастан асқан қариялар күндізгі стационарда оңалту қызметтерін ала алады. Одан басқа, мүгедек жандар үшін арнайы спорт кешендері салынуда. Яғни бұл мәселе әкімдіктің назарынан тыс қалмайды деуге толыққанды негіз бар.

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қорытынды сөзінде алматылықтарды өз денсаулықтарына немқұрайлы қарамай, қауіпті індетпен бірлесе күресуге шақырды. «Қазір біреудің кемшілігін іздейтін кез емес. Барлығы өз қолымызда. Бұл қауіпті инфекция – тілсіз жау секілді. Біз сол тілсіз жауды бірігіп қана жеңе аламыз. Ол үшін біз бір-бірімізге жанашыр болайық!», – дей келе, қала тұрғындарына сақтық шараларына ерекше мән беруді сұрады. Сонымен қатар, көпшілікті вакцинаға қатысты түрлі қауесеттерге сенбеуге шақырды.

Дайындағандар
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Әсел ДАҒЖАН,
Динара МҰРАТ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда 14 шілдедегі мәлімет бойынша вакцинаның I компонентін **622 545** адам салдырды.



Қалада телемедицина арқылы **3,5** мың науқасқа көмек көрсетіліп жатыр.



Мегаполисте жыл басынан бері бірқатар сауда желілері мен өнеркәсіп орындарына сомасы **8** млрд. теңге жеңілдетілген несие берілді.



Оңтүстік астананың индустриялық аймағында 2025 жылға дейін **34** инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.



23 мыңнан астам алматылық белсенді өмір сүру орталығына тіркелген.





Тұрғындар өтініші – басты назарда

Шаһар басшысы Медеу ауданындағы жолдармен, әлеуметтік нысандар құрылысымен танысты



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жаяу жүргіншілер жолы аралас жасалады, яғни кейбір бөліктерге асфальт төселеді, басқалары ағаштан жасалады. Б.Сағынтаев тұрғындарға барынша ыңғайлы болу үшін баспалдақсыз, жайлы өтпелі жол жасауды тапсырды. Жалпы ұзындығы 4,2 шақырым болатын жаяу жүргіншілер аумағының бойына сыртқы жарықтың 350 бағанасы мен кіші сәулет пішіндері орнатылады, қоқыс жәшіктері, орындықтар қойылады, мұнда балалардың ойын алаңдары, жаяу жүргіншілер көпірлері мен көру палубалары болады. Санитарлық-гигиеналық құрылғылар орнату да қарастырылған. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша жаңа Тереңқұрға айналатын жаяу жүргіншілер аймағы абаттандыру жұмыстары аяқталған соң серуендеу үшін кезең-кезеңмен ашылады.

«Думанның» жолдары жөнделіп жатыр

«Думан» шағынауданындағы жолдар күрделі жөндеуден өтуде. Бүгінде ұзындығы 5,2 шақырым болатын 14 көшеге асфальт төсеу жұмыстары аяқталды. Алдағы уақытта ұзындығы 22,2 шақырым болатын 39 көшеге

Соңы. Басы 1-бетте.



асфальт төсеу жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс барысын көрген қала басшысы «Думан» шағынауданының орталық көшелеріндегі асфальт төсеу жұмыстары аяқталған соң шеткі көшелерді ретке келтіруді тапсырды.

Бақытжан Сағынтаев одан кейін «Алматы» ТА-дағы Akimat LIVE бағдарламасының тікелей эфирінде Таиров көшесінің тұрғындары өтініш білдірген көшкін қауіпін пайда болған жағдаймен де танысты. Аталмыш көшеде орналасқан 72 үй тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті қойылды. Қала әкімінің тапсырмасы

бойынша жақын арада беткейді нығайту жұмыстары басталады.

«Алатау» шағынауданы абаттанып келеді

Алматы әкімі ИТП АЭА жанына орналасқан «Алатау» шағынауданын дамытуға ерекше назар аударды. Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша бірінші кезекте күрделі жөндеуді қажет ететін аурухана ғимаратына сараптама жүргізіледі. Мұнда шағынау-

данның 10 мыңнан астам тұрғынына медициналық қызмет көрсетіледі.

Қала әкімі 1200 оқушыға есептелген №7 мектептің ғимаратын күрделі жөндеу жұмысының барысымен танысты. Оның тапсырмасы бойынша мектеп жаңа оқу жылына дайын болуы тиіс. Бұдан өзге, жыл соңына дейін бір ауысымда 150 келушіге арналған ДСК пайдалануға беру жоспарлануда.

«Бюджетке қатысу» аясында абаттандыру жұмыстары жүріп жатқан Ардагерлер аллеясына барған әкімге жергілікті тұрғындар жасөспірімдерге арналған скейт-парк салуды сұрады. Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша бұл мәселе зерделенетін болады.

Бұдан өзге, қала әкімі тұрғындардың өтініші бойынша аумағы жекеменшікке тиесілі Ұлы Отан соғысы ардагерлері скверінің қазіргі жағдайымен танысты. Жер телімінің иесі саябақты абаттандыру жобасын әзірлеуге және оны ұсынуға ниет білдірді.

Сондай-ақ, Б.Сағынтаев «Көлсай» шағынауданындағы жалпы ұзындығы 15,1 шақырым сумен жабдықтау және судан бұру жөніндегі инженерлік желілердің құрылыс қарқынымен танысты. Бүгінде мұнда 14,5 шақырым желі тартылған. Құрылыс аяқталған соң жол жамылғысын қалпына келтіру жоспарланған. Жұмыс сапарының соңында қала әкімі әл-Фараби даңғылы бойымен Меңдіқұлов көшесінен Достық даңғылына дейін созылған тоғыз қабатты 22 үйдің қасбеттерін ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысын көрді.

Бас мүфти Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ:

Құрбан айттың құрметіне халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырамын

Мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айтқа санаулы күндер қалды. Ұлық күнде исі мұсылман баласының шамасы келгені шынайы ниетпен құрбан шалып, құрбандық етін мүгедектер мен жетімдер, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысады. Соған орай еліміздің бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлы кәсіпкерлерге үндеу жасап, мал бағасының құнын шарықтатпауды және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауды сұрады.

«Құрбан айтта орындалатын негізгі ізгі амалдың бірі – құрбан шалу. Өйткені, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы Құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалымен Аллаға жақындаған емес...» дейді. Демек, Құрбан айт күні Аллаға ұнамды әрі ең сүйікті амал – құрбан шалу.

Айт күндері халық тарапынан мал сатып алуға деген сұраныстың арта түсетіні белгілі. Осы ретте еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын ұлық мейрам – Құрбан айттың құрметіне мал құнын шарықтатпай, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырамын. Сонымен қатар, барша кәсіпкерлерді тұрғындар күнде тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін», – деді Бас мүфти.

Жаратушы Иеміз Құранда: «Өздерің жақсы көрген нәрсені Алла жолына жұмсамайынша игілікке жетпейсіңдер» («Әл-Имран» сүресі, 92-аят) деп баяндаған. Сауаптар еселеніп жазылатын сәттерде Алла разылығы үшін елдің жағдайын ескеріп, тауар бағаларына жеңілдік жасап, әр отбасыға қуаныш пен мерекелік көңіл күй сыйлауға тырысайық.

Құрбан айттың мәні – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін Құрбан айтта жұртымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «...Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді...» деген сүйінші хабар жеткізген. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қуаңшылықтан зардап шеккен өңірлердегі шаруаларға қолдау көрсету мақсатында «Қиындықта ел бірге» атты қайырымдылық акциясын бастады. Акция аясында Қызылорда, Маңғыстау облыстарына жем-шөп жөнелтілетін болды. Осы игі іске үлес қосып, сынақты сәттерді бастап кешіп отырған отандастарымызға қолұшын созуға шақырамын, – деп түйіндеді Наурызбай қажы.

Он күнгі сауаптан құр қалмаңыз

Жексенбі, яғни 11 шілде күні барша мұсылман қауым үшін қасиетті Зұлхиджа айы басталды. Құранда аты аталған қасиетті төрт айдың бірі саналатын бұл айдың алғашқы он күні сауапқа толы күндер саналады. Ол жайлы Алла елшісі (с.а.е): «Осы он күнде жасалған игі істен Аллаға сүйкімдірек игі іс жоқ, яғни Зұлхиджаның он күні...», – деген.

Осы он күннің ішінде арнайы қасиет тұтылатын «арапа» күні бар. Арапа күнінің уақыты – Зұлхиджаның тоғызы, яғни Құрбан айттан бір күн бұрын. Бұл күні қажылық парызын өтеуге барған кісілер тұс ауғаннан кейін ертеңгі (айт күні) таң намазына дейінгі аралықта Арафат тауына бір мезгіл тұрақтайды. Ал қажылыққа бармаған жамағат ораза тұтады.

Зұлхиджа айының 10-күні ораза ұстауға болмайды. Өйткені, бұл күн Құрбан айт күні. Құрбан айттың бірінші күні және одан кейінгі үш күн, яғни тәшриқ күндері ораза ұстаудан шариғат тыяды. (Зұлхиджа айының 10, 11, 12 және 13 күндері). Биыл Құрбан айт 20 шілдеде басталады.

Зұлхиджа айының 8–12-і аралығында Қажылық рәсімдері орындалады. Бұл – парыз етілген қажылық, яғни мұсылманның орындауға міндетті бес парызының бірі осы айда орындалады.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

ЖАҢА БАҒЫТ

Мәжіліс депутаттары мегаполистегі жобалардың іске асырылуымен танысты



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары – «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Бекқали Торғаев, Айдос Сарым және Артур Платонов «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр адамға лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының аясында Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы «Ala Estate» шағын өнеркәсіптік саябағына барды.

Жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік базалар негізінде өнеркәсіптік парктер құру және жаңа өндірістік үй-жайлар салу қала бойынша жол картасына енгізілген. 300-ге жуық жобаны жүзеге асыру алматылықтарға 25 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта барлығы 18,2 млрд. теңге бөлінді. Мәжілісмен Артур Платонов мегаполисте шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған іс-шараларды жоғары бағалады. Мысалы, ағымдағы жылы жоспарланған 5 өнеркәсіптік парктің 4-еуі жұмысқа кірісті, олар Наурызбай, Түркісіб және Алатау аудандарында орналасқан.

Наурызбай ауданында жиһаз, кондитерлік және галантерея бұйымдарын, кеңсе тауарларын, бетперделер мен азық-түлік қаптамаларын шығаратын 9 өндіріс орны ашылды. Кәсіпорындар 120-ға дейін тұрақты жұмыс орнын



қамтамасыз етеді. Өндірістің бірінде нұротандық мәжілісмендер қазақстандық материалдардың аз мөлшері пайдаланылатыны жөнінде ескерту жасады. Кәсіпорын басшылығы мәселені қысқа мерзімде шешетінін жеткізді.

«Еңбекақының тұрақты түрде төленуі, жұмыс істеу үшін жасалған жағдай және аталған өнеркәсіпке 2%-дық несие берілуі – мұның барлығы шағын және орта бизнеске бағытталған мемлекеттік қолдаудың және мегаполис идеологиясының күшейгенін көрсетеді. Бізді халықтың жағдайы толғандырады. Кездесулердің де ең негізгі себебі осы», – деді жұмыс тобының басшысы, депутат Бекқали Торғаев.

«Бүгінде Алматы – еліміздің іскерлік астанасы, Қазақстанның экономикалық дамуының ірі локомотиві, Орталық Азия өңірінің негізгі көлік-логистикалық тораптарының бірі. Әлемнің үздік мегаполистерінің қатарына кіруге деген ұмтылыс жылына кемінде 5% экономикалық өсуді қамтамасыз етуді талап етеді. Бұған еңбек өнімділігін арттыру арқылы ғана қол жеткізуге болады», – деп атап өтті мәжіліс депутаты Айдос Сарым.

Мәжілісмендер шағын және орта бизнесті дамыту – «Nur Otan» партиясының және Қазақстанның жаңа экономикалық бағытының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Үздік аула» байқауын жариялайды

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Алматы» телеарнасы 28 маусымнан 19 қыркүйекке дейін үйлер мен аула және тұрғын үй кешендері арасында аумақты көркем, әдемі етіп безендіруге арналған байқау өткізеді.

Байқау шарты: көгалдандыру және ландшафтық безендіру бойынша бүкіл жұмыс үйлер мен тұрғын үй кешендері тұрғындарының күшімен жүзеге асуы тиіс.

Ол үшін безендірілген ауланы, үй маңын ұзақтығы 1 минуттан аспайтын видеоға түсіріп, әлеуметтік желіде #үздікаула хэштегімен жариялау қажет. Ең жақсы ауланы түсірген видео авторлары Қала күні қарсаңында «Алматы» телеарнасы атынан бағалы сыйлықтармен «Таңғы Студио» бағдарламасының тікелей эфирінде марапатталады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТЕЛЕМЕДИЦИНА БЕЛСЕНДІ БОЛЫП ТҰР



Айым
НҮРМАН

Алматы қаласында Телемедицина орталығының қызметкерлері КВИ жұқтырған және ауыратын 3 мыңнан астам науқасқа қашықтан кеңес береді және күнделікті мониторинг жүргізледі.



Бүгінгі таңда Алматыдағы Телемедицина орталығындағы дәрігерлердің бақылауында 3527 науқас және стационардан кейін 49 науқас бар. Күніне 2500–3000 қоңырау байланыстары соғылады. Бұған дейін Орталық 52 158 кіріс

және 472 043 шығыс қоңырауға қызмет көрсетті.

Телемедицина орталығы COVID-19-бен ауыратын пациенттерге көмек көрсету мақсатында 2020 жылғы қыркүйек айында ашылған болатын. Орталық COVID-19-бен ауырып, үйде ем қабылдап жатқандарды қашықтан бақылап, кеңес беріп отырады.

– Біз МСАК ұйымдарының мамандарымен жүргізілген офлайн кеңестен соң ТМО мамандары онлайн түрінде кеңес береді және үй карантиніндегі COVID-19-бен ауыратын пациенттер бойынша мониторинг жүргіземіз.

Қарсы көрсеткіштер кездескен жағдайда ТМО мобильдік бригада немесе жедел жәрдем шақырады. Пациенттерге тиісті медициналық көмек көрсету үшін стационарларға жібереміз, – деді ТМО басшының міндетін атқарушы Жұлдыз Бауыржанқызы.

Сонымен қатар, Алматы қаласының тұрғындарынан COVID-19 ауруына күдіктілерге медициналық көмек көрсету мәселесі жөніндегі кіріс қоңыраулар түскен кезде, мамандар оларды белсенді түрде қабылдап, тұрғынның мекенжайы бойынша медициналық көмек алуға ем-ханаға жібереді. Сондай-ақ, вакцинация мәселесі бойынша да кеңес береді.

Телемедицина орталығының тәулік бойғы байланыс телефондары: 8 (727) 300 505, ұялы телефоннан қысқа қоңыраумен 1312 нөмірі арқылы хабарласуға болады.



АЛМАТЫЛЫҚ 5 млн. ТЕНГЕ ГРАНТ ЖЕҢІП АЛДЫ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматылық кәсіпкер пластик бұйымдарды өндіруге 5 млн. теңге грант жеңіп алды. «SCI Company» компаниясы оған «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында қол жеткізген. Кәсіпкерге грантқа өтінім рәсімдеуге және бизнес-жоспар құруға Qolday Qolday кәсіпкерлік орталығы көмектескен.

– Бүгінде пластиктен жасалған өнімдерді қажет ететін ірі зауыттар бізбен бірге жұмыс істеуде. Литий машинасы бір ауысымда 10 мың дана өнім шығаруға мүмкіндік береді. Грант – бұл кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көрсетілген үлкен қолдау деп білемін, – дейді компания басшысы Ирина Абасова.

Компания 2015 жылы шағын өндірістік цех ретінде құрылған. Олар баспалдаққа арналған штепсельдерді, өнеркәсіптік сорғыларға арналған бөлшектерді, жеке дизайн бойынша плиткаларды тегістеуге арналған бұрыштар мен бекітпелерді шығарды. Сонымен қатар, компания кей өнімдерін

(футбол қақпаларына торларды бекітуге арналған бөлшектер) Ресейге экспортқа жіберіп отырды.

– Біз кез келген өндіріске қызмет көрсете аламыз. Бірде йоги бізден арнайы пирамидаларға тапсырыс берген, олардың Алматыда үлкен конгресі болған. Тағы бір кәсіпкердің өтініші бойынша «Қазақ хандығы» ойынын құру үшін біз киіз үй түріндегі мүсіндерді құйдық. Локдаун кезінде антисептиктерге арналған төсемдер шығардық, олар Қытайдан бүлініп келді, біз тезірек жөндеп, қайта шығардық. Қытайда 5–10 мың дана болатын шағын партияға тапсырыс бере алмайсыз, онда мұндай көлемде тапсырыс қабылдамайды, – деді Ирина.

Жуырда серіктестердің ұсынысы бойынша «SCI Company» компаниясы Қазақстанның машина жасау қауымдастығына қосылды. Компанияның мақсаты – өз брендімен жаппай өндірісті іске қосу, ірі зауыт деңгейіне жету. Ал дәл қазір тапсырыстардың жоқтығына шағымданбау керек дейді кәсіпкер, себебі елімізде тапсырыс берушіге жақсы қызмет ұсынып, тұтынушылармен келіссөз құра алатын ұсақ өндірістер әлі де жеткіліксіз көрінеді.

АШЫҢЫЗ, САНАҚ!



Айкерім
НӘДІБЕКОВА

Халық санағының негізгі кезеңі кезінде азаматтарды ішкі аралау өтеді. Алайда, қала тұрғындары мұны алаяқтар пайдаланып кете ме деп қорқады. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін Ұлттық статистика бюросында нағыз санақ жүргізушілерді қалай анықтау керектігі айтылды.

Негізгі кезең 1–30 қазан аралығында өтеді, оның барысында қазақстандықтарға 87 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылады. Егер сіздің үйге «санақшылар» одан бұрын келсе, онда олар санақ командасынан емес. Сондай-ақ, сауалнама жүргізетін қызметкерлердің киімінде айырмашылық болады. Мәселен, оларда халық санағының символикасы бар көк түсті шарф, аумақтық статистика органының атауы, әкесінің аты, берілген күні және қолданылу мерзімі көрсетілген нұсқаушы-бақылаушының фотосуреті

бар куәлік (бейджге арналған қосымша бет), халық санағының символикасы бар көк түсті портфель болады.

– Әрбір санақшыда аумақтық статистика органының мөрмен расталған фотосуреті бар куәлік болады. Құжаттың дұрыстығын <https://sanaq.gov.kz> сайтынан тексеруге болады. Ол үшін куәліктің нөмірін «интервьюерді іздеу» арнайы іздеу жолына енгізу керек және ақпараттың шындыққа сәйкес келетіндігін тексеру керек, – деді қала бойынша Статистика департаментінің басшысы Айдар Әбілдабеков.

Үйге бөтен адам кіргізбес үшін сайттағы онлайн-санақтан өтуге болады екен. Мұндай мүмкіндік қазақстандықтарға 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында беріледі. Санақтан өз бетінше өтетіндердің телефонына SMS-код келеді, соны санақ жүргізушіге көрсетсе, жеткілікті.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша азаматтар 1446 немесе 8-800-080-0878 ақысыз нөмірлеріне хабарласа алады.

САЙРАН КӨЛІ ДРОНМЕН БАҚЫЛАНУДА



Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда дронның көмегімен шомылуға тыйым салынған орындарға бақылау жүргізілуде.

Құрылғының ерекшелігі – ол әуеден бақылап қана қоймай, сонымен қатар мұнда рұқсат етілмеген бөліктерде жүзгісі келетін Сайран көліне келушілерді қорқытатын динамик те қолданылады.

«Бұрын Сайран көлін патрульдеуді 109 құтқару қызметінің құтқарушылары екі бағыт бойынша екі шағын кемелермен жүргізетін, сондай-ақ шағын кемелермен бақыланбайтын аумақта жағалау сызығын жаю патрульдеу жүргізілді. Патрульдеу жиілігі әр 20 минут сайын ұзақтығы 40 минутқа созылатын. Яғни ұзақ уақыт кететін. Енді бұл әдіс патрульдеу үшін

ресурстарды тиімді пайдалануға, шомылуға тыйым салынған орындарды тиімді мониторингілеуге көмектеседі», – деп атап өтті ТЖД өкілі.

Шомылу маусымы басталғалы бері ТЖД департаменті, Полиция департаменті, РЖҚЖ және құтқару қызметінің 109 құтқарушысы, ҚР ҰҰ 5571 әскери бөлімі, еріктілер 300-ден астам бірлескен рейд жүргізіп, 4,5 мыңнан астам жадынама таратқан. ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы («алкогольді ішімдіктер ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу») бойынша әкімшілік жауапкершілікке 270 мың теңгеден астам сомаға 19 адам тартылды. Жыл басынан бері Сайран көлінде екі адам суға батып, тағы алты адам құтқарылды. Куәгерлердің айтуынша, суға батып кеткен екі адам компанияда демалып, артынан ішімдік ішкен.





Мемлекет басшысы өткен жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында: «Егер азаматтарымыздың әл-ауқатын шын мәнінде жақсартқымыз келсе, олардың өздерін осы іске белсенді түрде тартқан жөн. Алдағы саяси реформалардың барлығы халықты мемлекет басқару ісіне кеңінен қатыстыруға бағытталуы керек. Мысалы, қоғамдық пікір сауалдамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отыр. Бұл маңызды қадамды жан-жақты ойластырып, дәйекті түрде жүзеге асырған жөн», – деп бұл мәселенің шешімін кейінге қалдыруға болмайтынын, ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуге болатынын қадап айтқан еді. Содан бері Ел Президентінің бұл бастамасын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету қолға алынып, осы бағытта аз уақыт ішінде ауқымды шаралар атқарылды. Қазір елімізде алдағы жауапты саяси науқанға әзірлік қызу жүргізіліп жатыр. 2021 жылғы 25 шілдеде еліміздегі облыстық маңызы бар қалалардың аудандардың аумақтық сайлау комиссияларының шешімімен Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдардың, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдерінің сайлауы өткізілмек.

«ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДЕРДІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ»

Парламент Сенатының спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен алғаш мамыр айында өткен Палата отырысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы қабылданған болатын.

– Саяси партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға өту шегін 7-ден 5 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр. Сонымен қатар, дауыс беру бюллетендеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылады. Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі аса маңызды оқиға. Мемлекет басшысының осы бастамасы еліміздің саяси жүйесін одан әрі дамытуға және саяси бәсекелестікті күшейтуге айтарлықтай үлес қосатыны сөзсіз. Сондай-ақ, жергілікті әкімдердің сайлауын өткізу басқару жүйесінің тиімділігін арттырады деп сенеміз», – деген еді Мәулен Әшімбаев.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында еліміздегі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу мәселелері бойынша заң жобасы әзірленгенін атап өткен Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес біліктілік талаптарына және жас өлшемін сай еліміздің кез келген азаматы бұл лауазымға сайлана алатынын алға тартты. Саяси партиялар мүшелері және сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1 пайызын жинаған кандидаттар сайлауға түсе алады. Сайлау 40 күн бұрын жарияланады. Ал сайлаудың өзі қазіргі әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 10 күн бұрын өтеді. Сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытынды шығарылады. Сайлау әкімдердің өкілеттік мерзімінің аяқталуына қарай жергілікті бюджет есебінен өткізіледі.

Сенатор Ләззат Сүлеймен сайлау туралы заң жобасы аясында 4 заңға түзетулер енгізілетінін айтты. Олар – «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Саяси партиялар туралы», «Әскери қызмет және әскери қызматкерлердің мәртебесі туралы» «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдар. Орталық Азия мемлекеттері арасында еліміз бірінші болып жергілікті әкімдер сайлауын енгізіп отырғанын атап көрсеткен сенатордың айтуынша, бұл – түзетулер елімізде жергілікті өзін-өзі басқару институтын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жасалып отырған нақты қадам.

СОНЫМЕН, ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕРІ ҚАНДАЙ?

- Біріншіден, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау енгізіледі.
- Екіншіден, саяси партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы кезінде депутаттық мандатқа ие болуы үшін алуы тиіс сайлаушылардың 7 пайыз даусын 5 пайызға дейін төмендету ескерілген.
- Үшіншіден, сайлау бюллетендеріне «Бәріне қарсымын» деген бағанды енгізу қамтылған.

Депутат келтірген мәліметтерге көз жүгіртсек, 2 мың 345 бірлік әкімшілік-аумақтық

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ

Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын іске асыру жолындағы маңызды қадам



КЕРЕК ДЕРЕК

- Қазіргі таңда елімізде 2345 ауыл әкімі жұмыс істейді. Заң күшіне енгеннен кейін осы жылдың екінші жартыжылдығында 836 әкімді тікелей дауыс беру арқылы сайлау мүмкіндігі туып отыр.

әкімін сайлау енгізілмек. Бұл науқан 2021–2025 жылдар аралығында іс басындағы ауыл әкімдерінің өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына орай кезең-кезеңмен өткізіледі. Осы жылдың екінші жартысында халық тікелей 836 ауыл әкімі үшін дауыс бермек. Саяси партиялар ауыл әкімдігіне әр округтен бір үміткерден ұсынса, азаматтар өзін-өзі ұсына алады. Ал өзін-өзі ұсыну – сайлау процесін өткізудің демократиялылығын, бәсекелестігін және баламалылығын қамтамасыз етудің өте маңызды шарттарының бірі екенін айтады депутаттар. Ал егер кандидатты ұсыну мерзімі біткенге дейін бір ғана үміткер болған жағдайда аудан әкімі жергілікті халықпен келісе отырып, өзі ұсыныс енгізеді. Заң жобасында ауыл әкіміне сенімсіздік білдірілген жағдайда, оны мәслихаттың қарауына енгізу мәселесі де қарастырылған. Бұл ретте жергілікті қоғамдастық жиналысы заңды болуы үшін ауыл тұрғындарының 50 пайызы қатысуы тиіс. Ауыл әкімдігіне бәсекеге қабілетті адамдардың келуі осы үрдістің дұрыс қалып-

курстары өткізіледі, өкілетті органдар осы бағдарға сай тиісті бағдарлама дайындап жатыр.

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚҰЗЫРЕТІ

Осы тақырыпқа орай тағы бір айта кетерлік жәйт, биылғы маусым айында ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөнінде ҚР Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтті. Онда Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Ерлан Дауылбаев ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу кезіндегі барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының өкілеттіктері туралы айта келіп, ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын дайындау және өткізу аудандар мен қалалардың аумақтық сайлау комиссияларының ерекше құзыреті екендігіне маңыз берді.

Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық заңына сәйкес сайлауды аумақтық сайлау комиссиялары кемінде 40 күн бұрын тағайындайды және өз қызметін атқарып отырған әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 10 күн бұрын өткізеді.

Кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындаған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге дейін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауыл округіне екеуден кем кандидат

КЕРЕК ДЕРЕК

- үміткерлерді саяси партиялар өз мүшелері арасынан ұсынады. Бұл ретте саяси партия бір сайлау округінде бір ғана кандидат ұсынуға құқылы;
- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда, дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір пайыз дауысының қолдауына ие болуы тиіс.
- егер ұсыну аяқталатын күнге екіден кем кандидат ұсынылса, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынады.

қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау процесіне дереу кірісетінін мәлімдеді: «Бұл үшін азаматтығын анықтау мақсатында ішкі істер органдарына, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығын, заңда белгіленген тәртіппен танылған сыбайлас жемқорлық қылмысының, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығының болмауын прокуратура органдарынан, кандидаттардың мемлекеттік қызмет туралы заңның талаптарына сәйкес және осы лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу тұрғысынан Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өңірлік департаменттерге тиісті сұраулар жіберіледі. Жұмысқа тартылған жоғарыда аталған мемлекеттік органдар жедел тәртіппен деректердің тиісті деңгейде тексерілуін және нәтижелерінің аумақтық комиссияларға дереу ұсынылуын қамтамасыз етулері қажет».

ЖАҢА БАСТАМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғарыда атап өткенімиздей, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда, дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кемінде 1 пайыз дауысының қолдауына ие болуы тиіс. Сайлаушыларды қолдау олардың қолдарын жинаумен куәландырылады.

– Кандидаттарды қолдап қол жинауды сенім білдірген адамдар ұйымдастырады және ол үшін кандидат осы Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 36-бабында, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін 3 күннен кешіктірілмей тиісінше аудандық сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен рәсімделеді. Толтырылған қол қою парақтары тиісінше аудандық сайлау комиссиясына тапсырылады. Ол 3 күн мерзімде ішкі істер қызметкерлерін тарта отырып, жиналған қолдардың растығын тексереді және тиісті хаттаманы рәсімдейді. Қолдардың растығын тексеру Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидатқа қажетті анық қолдар анықталғанға дейін жүргізіледі, – деп нақтылады Е.Дауылбаев.

Жалпы, осы кезге дейін ауыл әкімдері жанама дауыс беру арқылы, яғни жергілікті мәслихат депутаттарының шешімі арқылы сайланып келген. Мемлекет басшысының жаңа бастамасының ерекшелігі де осында, оған сәйкес, бұдан былай ауыл тұрғындары өз әкімдерін өздері тікелей дауыс беру арқылы сайламақ.

Қорыта айтқанда, сайлау нәтижелерін ауданның (қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы үш күн ішінде анықтайды. Басқа үміткерлермен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып сайланды деп есептеледі.

Ауданның (қаланың) аумақтық сайлау комиссиялары жеті күн ішінде сайланған әкімді тіркеуді жүзеге асырады. Сайланған әкімнің өкілеттігі оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады.

Т.ДЕРЫСАЛИН.



COVID-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Вирустың жаңа мутацияларының пайда болуын болдырмаудың жалғыз жолы – екпе алу

Тиімді шешім

Әлеуметтік желілердің кейбір пайдаланушылары «дельта» штамының пайда болуына және белсенді таралуына байланысты «екпе тиімді бола ма?» деген алаңдаушылық білдіруде. С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың профессоры, медицина ғылымының докторы Күләш Құрманова қаладағы эпидемиялық жағдайдың шиеленіскенін, өйткені «дельта» штамының контагиоздығы жоғары және анықталған штамдарға қарағанда 60 пайызға жұқпалы екенін айтты.

– Коронавирустың инфекциядан кейін эндотелит, тамырлардың микро және макротромбозы түрінде асқинулар пайда болады, яғни олар әртүрлі органдар мен жүйелерге әсер етуі мүмкін, – дейді профессор. Оның айтуынша, құрамында РНҚ бар коронавирус табиғатта жоғары өзгергіштікке ие. Егер популяцияда ұжымдық иммунитет қалыптасса, вирус мутацияға ұшырамайды, өйткені ол тек тірі жасушаларда көбейе алады.

– Вирустың жаңа мутацияларының пайда болуын болдырмаудың жалғыз жолы – екпе алу. Ұжымдық иммунитет халықтың 70 пайыздан астамы вакцинацияланған және ауырған кезде қалыптасады, – деп атап өтті медицина ғылымының докторы.

Ауырмаған және екпе алмаған азаматтарға вирустың жаңа мутациясына байланысты қауіп-қатер төнеді

Қазақстанның Профилактикалық медицина академиясының президенті Алмаз Шарман осындай мәлімдеме жасады. Белгілі ғалымның айтуынша, карантин тек пандемия індетін ұстап, инфекцияның таралуын болдырмауы мүмкін. Ал вирусты жеңу үшін екпе алу қажет екен.

– Ауырған және екпе алған адамдар инфекциядан жақсы қорғалған. Оларда иммунитет қалыптасқан әрі өміршен келеді. Бұл туралы көбірек ғылыми деректер бар. Менен «мен ауырып тұрдым, маған екпе алу керек пе?» деп жиі сұрайды. Менің жауабым – иә, – деді Алмаз Шарман.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Гамалея институтының ресми мәлімдемесіне сәйкес, вакцинацияның толық курсынан өткен 3,8 миллион ресейлік 97,6 пайыз тиімділікті көрсеткен. Сөйтіп, «Спутник V» вакцинасы өзінің қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдеген. Ол туралы Nature журналында жарияланған ғылыми мақалада берілген.

Өз кезегінде БАӘ Денсаулық сақтау министрлігі вакцинаның екі дозасын алған 81 мың тұрғын туралы хабарлайды. Олардың ішінде коронавирустық инфекцияның симптоматикалық алдын алуда 19 пайыз және ауыр аурулардың алдын алуда 100 пайыз тиімділік көрсеткен.

Аргентинада «Спутник Лайт» симптоматикалық инфекцияны 78,6 пайызға, ал госпитальдар санын 87,6 пайызға төмендетті. Бұл ақпарат 60-тан 79 жасқа дейінгі 40,4 мың вакциналанған және 146,2 мың вакциналанбаған азаматтарды зерттеу негізінде берілген.

Вирусты бақбақпен емдеу

Қазақстандық Telegram-арна коронавирустық инфекцияны ғажайып емдеу рецептерімен бөлісті. Бұл ретте «өнертапқыш» бақбақ жапырағы сығындысының тиімділігін дәлелдейді. Көпшілікке таныс өсімдік коронавирустың ақуызының жасушалардың бетімен байланысуына жол бермейді және осылайша инфекцияның алдын алады-мыс.

● ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



Пластик шатырлар астында тамашалады

Испанияның Барселона қаласының маңында коронавирустық шектеулері кезінде ерекше концерт өтті. Музыкалық кешті 20 пластик шатыр ішінде 40 адам тамашалады. Бұл Каталония аймағында мұндай форматта өткен алғашқы концерт. Өңірде соңғы айларда індеттің беті біраз қайтып, 15 ай жабық тұрған түнгі клубтар ашылған еді. Бірақ маусымның ортасында «Дельта» штамы өршіп, 3 аптадан кейін қайта жабылды. Испания бойынша соңғы 14 күнде әр жүз мың тұрғынға 316 жағдай тіркелді. Әсіресе, 20 мен 29 жас аралығындағы тұрғындар көптеп ауыра бастаған.

Ең үлкен екпе орталығы

Мәскеудегі «Лужники» стадионында Ресейдегі ең үлкен вакциналау орталығы ашылды. Спорт кешені уақытша медициналық нысан

Алайда, бұл ақпараттың ғылыми дәлелдері мен маңызды негіздемелері табылған жоқ. Ақпарат таратқан ifospace.net сайты жалған жаңалықтар таратумен танымал. Олар мәлімет сенімдірек болу үшін жаңалықтар көзі ретінде BioRxiv.org, Naturalnews.com порталдары мен SienceDirect.com ғылыми журналын көрсеткен.

– BioRxiv.org сайтында, шынында да, бақбақ жапырағы сығындысының SARS-CoV-2 коронавирусының ақуызын жасуша бетімен байланысу процесіне зерттеу жүргізілген. Ғалымдар эксперименттерді тек қана нақты клетка сызықтарында жүргізген. Оны адамдар мен жануарларда сынамаған. Сонымен қатар, порталда BioRxiv.org зерттеулердің препринттары, яғни рецензияланбаған ғылыми жұмыстар орналастырылады, демек, олардың сенімділігі мен маңыздылығы расталмаған, – дейді отандық фактчекерлер.

Сонымен қатар, BioRxiv COVID-19-ға қатысты көптеген мақалалар жариялады делінген. Десе де, олардың ешбірі расталмаған. Naturalnews.com порталы да ақпарат көзі ретінде көрсетілген, ол да сенімді емес. Сайт жалған жаңалықтар мен жалған ғылыми хабарламаларды таратумен көзге түсіп үлгерген. Сонымен қатар, онда бақбақ туралы сөз болмаған.

Ал SienceDirect.com порталы өз кезегінде, ғылыми деректерді жариялайтын сенімді дереккөз болып табылады. Алайда, онда қарапайым бақбақтың фитохимиялық және фармакологиялық сипаттамаларына арналған материал жарияланбаған.

– Бұдан шығатыны, COVID-19-ды емдеудегі бақбақ жапырағы сығындысының тиімділігі туралы тұжырымдар расталмаған. Өсімдіктің аурудың қоздырғышына әсерін сипаттайтын зерттеу тек жасуша сызықтарында зерттелген. Көрсетілген дереккөздер де бұл ақпаратты растамайды, – дейді мамандар.

Чип және іс

Бірнеше рет теріске шығарылған екпедегі чип туралы қауесетті әлеуметтік желілерде қайта талқылап жатыр. Белгісіз автордың айтуынша, бұл технология егеуқұйрықтарда сыналған және ол кеміргіштерді мойынсұнғыш еткен көрінеді-мыс.

Эксперимент тышқандарға шын мәнінде жасалған және баспасөзде, оның ішінде қазақстандық баспасөзде кеңінен жария етілді. Эксперименттің мәні – кеміргіштердің миына Bluetooth сигналдарын қабылдауға және шығаруға және электр желісіне қоспай зарядтауға қабілетті кішкентай чиптерді енгізу. Бұл манипуляцияның мақсаты – жеңіл стимуляцияны қолдана отырып, кокаин дозасын енгізуден туындаған тышқандардың мінез-құлқын басу. Мұнда микрочиптің өзі жарық шығарған. Ғалымдардың пікірінше, мұндай технология болашақта депрессияны, паркинсонды, әртүрлі тәуелділіктерді және басқа ауруларды емдеуге мүмкіндік береді.

Эксперимент Nature Communications журналында егжей-тегжейлі сипатталған. Мақалада микро чиптің өлшемдері ұзындығы 19 мм., ені 12 мм. және қалыңдығы 5 мм. екендігі айтылған. Оның салмағы 1,4 грамм. Ол тінтуірдің миына енгізіліп, теріні кесу арқылы, бас сүйегіне бұрғыланған. Бұл адамға мұндай құрылғыны вакцинация инесінің көмегімен енгізу мүмкін емес екенін дәлелдейді. Құрылғы тым үлкен. Сонымен қатар, вакцинация кезінде ол миға кіре алмайды, яғни ол мүлдем пайдасыз болады.

Эксперимент туралы мақалада адамдарға чипті екпе арқылы енгізу туралы айтылмайды. Ғалымдар, сонымен қатар адамдарды мойынсұнғыш ету немесе олардың еркіне бағыну мақсатын көздемейді. Мақсат – бүгінгі күні емдеу қиын аурулармен күресудің жолын табу.

Мамандар тышқандарда жүргізілген мінез-құлықты бақылау үшін микрочиптерді қолдануды зерттеу COVID-19 вакцинациясымен және жалпы вакцинациямен байланысты емес деп сендіреді. Сипатталған технология адамдарға қолданылмады, микрочиптің өзі оны инемен енгізу үшін тым үлкен.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

болып қайта жасақталды. Мұнда негізінен шетел азаматтары екпе салдырады. Көрші елдегі вакциналау науқаны егілмеген адамдарға шектеу шаралары енгізілген соң жұмыс жандана бастады. Бірнеше күннің ішінде Мәскеуде жүз мыңнан астам адам препараттың бірінші және екінші компонентін алды. Бұл орталықта күніне кемінде 15 мың адам вакцина салдыра алады.



Вирус сілекейде сақталады

Бразилиялық ғалымдар COVID-19 індетінің патогені адамның сілекейінде сақталып, әрі қарай көбейетінін анықтады. Зерттеуді жүргізген Сан-Паулу университеті Медицина мектебінің мамандары коронавирустан көз жұмған адамдардың ауыз қуысындағы сілекейіне электронды микроскоптардың көмегімен анализ жасаған. Ғалымдар аталған зерттеу нәтижесі жұғу жолдарын түсінуге көмектесетінін алға тартады. Коронавирустың мұрын қуысы арқылы тез таралатыны да дәлелденген.

22 млн. адам жұмыссыз қалды

Коронавирустың салдарынан әлем бойынша 22 млн. жұмыс орны жабылды. Бұл туралы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы өз сайтында жариялады.

Есеп авторларының пікіріне сүйенсек, экономикасы мықты мемлекеттердегі еңбек нарығы әзірге жартылай ғана қалпына келген. Көп жағдайда жастар мен біліктілігі төмен қызметкерлер әлі жұмыс таба алмай жүр. Жұмыссыздық, әсіресе, туризм мен қызмет көрсету саласында жоғары.

Әзірлеген А.НӨЛДІБЕКОВА.

«Мен екпе алдым!»



Алпысбай ҚАДІР, қоғамдық көлік жүргізушісі:

– Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін халықтың жаппай екпе алғаны дұрыс деп есептеймін. Әр адам өз денсаулығы үшін сақтық шараларын жүргізеді. Мен көпшілік адамдармен жұмыс жасайтындықтан және өз денсаулығымға алаңдағандықтан, вакцина алдым. Алдымен дәрігер денсаулығымды тексеріп, рұқсатын алған соң ғана екпе алдым. Барлық адамдарға айтарым: бұл ауру түрі басқа ауру түріне қарағанда қауіпті. Сондықтан аталған вирустан аман болайық. Ауырмайық. Сақтанып жүрейік.



Артём БУРДЕЛЕВ, «Алматы» хоккей клубының шабуылшысы:

– Екпенің бір күнде дайын болып, екінші күні қолданысқа шыға салмайтыны белгілі. Өйткені, оның бәрі үлкен ұжымдық тексеруден, зерттеуден өтеді. Сондықтан еш қорқынышсыз екпені алғашқылардың бірі болып алдым. Ешқандай әсерін сезбедім. Қалыпты екпе секілді қабылдадым. Барлық нәрсе ойдан болады. Сондықтан екпе алуға келер алдында «ауырып қалсам қайтм?» деген секілді ойларды ойламаған жөн. Тек дәрігер қойған сауалдарға дұрыс жауап беру қажет. Бір жеріңіз ауырып тұрса, түнде ұйықтай алмаған болсаңыз, бәрін жасырмай айтыңыз. Екінші дозасын алған кезде де алғашқы 30 минутты бақылауда өткіздім. Шүкір, бүгінде денсаулығым жақсы.



Нұрлан СҰЛТАНБЕК, журналист:

– Бұл індетпен әлем арпалысуда. Вакцина табылмай тұрып біраз уайымдады. Ал бүгінде ахуал басқа. Ем табылды. Ендігі кезек сол дерттің бетін қайтару. Оның жолы – екпе. Еш

қорықпастан, үркіместен, осы қадамға бардым. Менің таңдауым отандық «QazVac-қа» түсті. Шүкір, жақсымын! Біздердің мамандық қоғаммен байланысты. Бұл қадамға бармастан алдын, әбден көз жеткіздім. Қысқасы, түпкі ой – қалыпты тіршілікке оралу.



Нұрсұлтан ЕРТАЙ, қала тұрғыны:

– Індеттің аты шыққанда азан-қазан болып жаттық. Дүкен сөрелері босады. Жұрттар жапатармағай азық-түлік сағып алды. Айналамыздың бәрі қауырт тірлікке кірісті. Кейбірі айран, сүт, май, қымыз тұтынамыз деп қаладан ауылға кетті. Қысқасы, әркім қолынан келгенше әрекет етті. Мен де ауылда біршама уақыт тұрақтадым. Атақ міндім, сауалым іштім. Аздап спортқа қызығушылығым да бар. Шаһарға келген соң «Спутник V» вакцинасын қабылдадым. Алдын ала дәрігерден кеңес алдым. Жалпы, денсаулықты сақтай білген жөн. Салауатты өмір салтын ұстанған абзал.

Әзірлегендер Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ, Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Тедрос ГЕБРЕЙЕСУС:
ВИРУСТЫҢ «DELTA» НҰСҚАСЫ ӨЛІМ
САНЫНЫҢ ӨРШҮІНЕ ӘКЕЛУДЕ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаңалықтар орталығы хабарлағандай, әлемде COVID-19 эпидемиологиясының өршуіне байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Гебрейесус мәлімдеме жасады.

— 10 аптадан бері азайған өлім көрсеткіші қайта өсуде. Бізге әлемнің барлық өңірлерінен ауруханалардың қайтадан толып жатқаны туралы хабарлар түсуде. Вирустың «Delta» нұсқасын жұқтыру жағдайлары өлім санының өршуіне әкелуде. Адамзат тарихында ауыр кезеңді бастан өткеріп отырмыз. COVID-19 дертінен 4 миллион адам қайтыс болды. Бұл тек ресми мәліметтер, — деді Тедрос Гебрейесус.

Женевада бүгін өткен брифингте ол COVID-19 індетінің мутацияланып, әлемдік экономикаға қауіп төндіре бастағанын, вакцинаны таратудың дұрыс ұйымдастырылмауынан жағдайдың ұшыға түскенін қадап айтты. Қазіргі кезде «Delta» әлемнің 104 елінде анықталған. ДДСҰ басшысының айтуынша, ол әлем бойынша ең көп таралған нұсқа болып отыр. Спикер мәлімдегендей, «вакцинамен қамтылуы төмен елдердегі ахуал қиын. «Delta» және басқа нұсқалар мұндай елдерде жұқтырудың қауіпті толқынын тудырып, ауруханаға түсу мен өлімнің жоғары көрсеткіштеріне әкелуде».

Оның айтуынша, тіпті алдыңғы толқында өздерінің денсаулық сақтау жүйелерінің арқасында инфекцияның масштабы өр-



шуінің алдын алған елдердің өзі бүгінгі күні пандемия эпицентрінде қалып отыр. Вакциналау — вируспен күрестегі қолда бар құралдардың ең тиімдісі.

«Біз бүгін қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайдың өршуін бастан кешудеміз. Ол өз кезегінде, адамдардың өміріне, олардың тіршілік ету құралдарына және әлем экономикасын қайта қалпына келтіруге одан сайын қауіп төндіріп отыр. Қазіргі ұжымдық стратегия дегенде ойға орман өртімен күресуші өрт сөндіру командасы оралады. Су құю арқылы бір жердегі алауды ауыздықтауға болады, бірақ басқа жерде от лаулап тұрса, шоқтар жан-жаққа тарап, қайтадан қорқынышты жалынға айналады», — деді ДДСҰ-ның Бас директоры. Ол

бай елдерді вакцинаны кедей елдермен бөлісуге шақырды.

Тедрос Гебрейесус вакциналардың біркелкі және әділ бөлінбей жатқаны туралы еске салды. Кейбір елдер мен өңірлер миллиондаған дозаларға тапсырыс беріп жатса, кейбір елдерде вакцина медициналық қызметкерлер мен қауіп-қатер тобындағы адамдарды вакциналауға жетпей жатыр. ДДСҰ басшысы барлық фармацевтикалық компанияларды өздерінің лицензияларымен, ноу-хау және технологияларымен бөлісуге шақырды. Ол күнделікті мыңдаған адамдардың өліп жатқанын еске салып, осы себепті кедей елдер тұрғындарын вакциналауды 2023-2024 жылдарға қалдырмау керек екенін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«СПУТНИК V»
Үндістанда өндіріледі

Ресейдің тікелей инвестициялар қорының өкілі хабарлағандай, дүние жүзі бойынша вакцинаның ең ірі өндірушісі жылына 300 миллион дозаға дейін «Спутник V» екпесін шығаруды қолға алмақ.

Ресей тікелей инвестициялар қоры бірнеше компаниямен келісімдер жасасқаннан кейін, Үндістан осы жылдың мамыр айынан бастап «Спутник V» өндіру бойынша ірі хабқа айналғанын айта кету керек.

Үндістанның Қан сарысу институты бұл өндірісті қыркүйек айында ашып, өнімді өз елдерінен бөлек, басқа мемлекеттерге де экспорттауға жіберуді жоспарлап отыр. Бұл мекеме «Ковишилд» деп аталатын «Оксфорд-Астразенека» вакцинасын жасауға атсалысқан.

— Мұндай әріптестік біздің «Спутник V» әлем елдерінде қолданудың тамаша нәтижелерін бермек. Бұл — ресейлік екпеге деген сенімнің өте маңызды көрсеткіші. «Спутниктің» кең көлем-

де өндірілуі — біздің қауіпті індетпен ортақ күресіміздің басты элементі, — деді Ресей тікелей инвестициялар қорының Бас директоры Кирилл Дмитриев.

«Спутник V» бүгінде әлемнің 60-тан астам елінде мақұлданған. Бұл препараттың өндірісі Ресейден тыс 9 елде басталды. Осыған орай, Ресей қорының басшылығы қыркүйек-қазан айларында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «Спутник V» вакцинасын тіркеуі мүмкін деген үміт білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ

Әкелерге де мүмкіндік көп

Айым
НҰРМАН

Алматылық «Бақытты отбасы» орталықтары көпбалалы әкелерге арналған оқыту курстарын өткізуде.

Егер бұрын көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға арналған әлеуметтік орталықтарға тек әйелдер ғана қайырылатын болса, енді жаңа кәсіби білім үйреніп, заңгерлік кеңес алуға немесе өз ісін ашу үшін отағасы да жүгіне алады.

— Биыл біз ер адамдарды да орталыққа тарту жолдарын қарастырдық. Көпбалалы әкелер «Бақытты отбасы» орталығына жайлап келіп жатыр. Оларға қажетті қызмет көрсетілуде. Мысалы жұмыс іздеп, әртүрлі курстарға жазыла алады, заңгермен кеңесіп, балаларды психологқа апарды. Сонымен қатар, ер адамдар «Бастау бизнес», «Қолдау» курстарына белсенді қатысады. Орталық әкелер қауымы үшін биылғы жылы арнайы барбершоп курсын іске қосты, — деп барлық мән-жайды қалалық «Бақытты отбасы» орталығының үйлестірушісі Әсем Байділданова айтып берді.

Әрине, нәзікжандылармен салыстырғанда ер адамдар қатары әлі де аз. Бірақ ұйымдасты-

рушылардың пікірінше, бұл бастаманың аяқалысы жаман емес. Алматыда көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға жан-жақты көмек көрсету мақсатында үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Әр ауданда «бір терезе» қағидаты бойынша «Бақытты отбасы» орталықтары бар. Бүгінгі күні мегаполисте барлығы тоғыз орталық жұмыс істейді. Аталмыш бағдарламаның мақсаты — Алматыда тұратын әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың өмір сүру сапасын арттырып, олардың экономикалық дербестігі мен азаматтардың өмірлік қиын жағдайдан шығуы үшін қолдау көрсету.

— Бүгінгі таңда бұл құқықтық, психологиялық кеңес беру, әлеуметтік қолдау ғана емес, сонымен қатар мәселелерді шешудің барлық кешені ұсынылады. Атап айтқанда, тұрғын үйге кезекке қоюға, АӘК алуға, балалардың денсаулық жағдайын бақылауға көмек көрсетіледі. Мұндай кешенді тәсіл отбасы проблемаларын шешуге түрткі болып, арнайы мамандармен кеңесу арқылы гранттар көмегімен бизнесстерін дамытуға, жеке кәсібін ашуға, үйде қосымша жұмыс істеуге мүмкіндік береді, — деп атап өтті «Бақытты отбасы» орталығының басшысы Зулфия Байсакова.

Білім гранттары
кімдерге бұйырады?Рая
ЕСКЕНДІР

Енді аз күнде талабы таудай талапкерлер қалаған мамандықтары бойынша құжаттарын тапсыруды бастайды. Еліміз бойынша білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға құжат қабылдау 16 шілде күні басталады. Білім министрлігінің мәліметі бойынша құжаттар биыл да электрондық форматта қабылданатын болады. Мұндай қадам, ең алдымен, талапкер мен олардың ата-аналарының, басқа да туыстарының денсаулығын қорғау мақсатында жасалып отыр. Дәл қазір жоғары оқу орындарында виртуалдық қабылдау комиссиялары жұмыс істеп, талапкерлерге бейнебайланыс арқылы кеңес беруді бастады.

Конкурсқа қатысушылар білім грантының иегері атану үшін 6 мамыр мен 1 шілде аралығында өткен ҰБТ-ның екі нәтижесінің біреуін конкурсқа ұсына алады. Талапкерлер өтінішпен қоса, аттестат пен оның қосымшаның электрондық көшірме-

лерін және көлемі 3x4 сандық фотосуретті, сондай-ақ басқа да құжаттардың көшірмелерін қоса тапсырулары қажет.

Конкурс кезінде талапкерлер бәсекеге түскен жағдайда, ең алдымен, басымдық «Алтын белгі» иегерлеріне, отансүйгіштік және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен марапатталғандарға беріледі. Олар басқа үміткерлермен балдары тең болған жағдайда басым құқыққа ие болады. Сонымен қатар, олимпиадалар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздарына да осындай жеңілдіктер беріліп отыр. Ол үшін талапкерлер құжаттармен қоса, осындай жетістіктері бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелерін де қоса өткізулері керек.

Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде өтініш беруші сертификаттың атауын, балын көрсетеді және электрондық сертификатты тіркейді. Биыл алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарына білім беру гранттары бөлініп отыр.

Кітап оқимын десеңіз...

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Кейде қоқыс тастайтын орындарда тау боп үйіліп жатқан кітаптарды көріп, құнды байлықтың құнсызданып кеткеніне ішін ашиды. Танымал жазушылар мен әлем классиктерінің «бір қаралық» кітабы неге мұншалықты арзандап кетті екен деп қайран қаласыз.

Осыдан біраз уақыт бұрын Жетісу аудандық «Nur Otan» партиясы филиалының кеңсесінде «Қоғамдық кітап сөресі» ашылып, тегін кітап алмасу бұрышы жұмыс істей бастады. Содан бері тұрғындар үйлерінде босқа тұрған кітаптарды осында әкеліп өткізетін болды.

— «Құлагер» ықшамауданында тұрып жатқан он мыңнан астам тұрғынның ең құрығанда оны кітап оқитын болар деп әдейі әкеліп өткіздім. Кезінде жолдасым жалақысын ала салысымен кітап дүкендерін жағалап кететін. Кешкісін қолына бес-алты кітабын ұстап, «мына жазушының шығармасын таппай жүр едім, түскен беті екен» деп, қуанып оралатын. Балаларым да, немерелерім де кітап оқымайды. Мектеп кітапханасына да үйдегі біраз кітапты өткіздім, — дейді қала тұрғыны Айкүміс Байділдаева.

Қазір тұрғындар кітапханашысы жоқ «бұрыштағы» кітаптарды үйлеріне әкетіп, оқып болған соң қайта орнына қояды. Тек осындай жолмен ғана «сабырлы ұстаз» атанған кітаптың ғұмыры ұзаратын сынайлы.



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Еліміздегі кейбір өңірлерде жас босанған әйелдердің арасында 100 мың әйелге шаққанда 70 әйелдің денсаулығына қауіп төнеді екен. Өткен жылы еліміз бойынша ана өлімі 3 есеге артып, 100 мың әйелдің 36,5-і туыт кезінде көз жұмған. Бұл деректерді Мәжіліс депутаты Ғалымжан Елеуов келтірді.

Депутаттың айтуынша, еліміздің кейбір өңірлерінде ана өлімінің көрсеткіші тіпті көңіл көншітпейді. 100 мың әйелдің 70–95-і босану кезінде жағдайы ауырлап, ажал құшатын өңірлер де бар. Халықаралық сарапшылардың мәліметтерін келтіре отырып, Ғ.Елеуов корона-вирустық пандемияның еліміздегі аналар өліміне негізгі себеп еместігін айтты. Оның айтуынша, жүкті әйелдер арасында COVID-19 өлімінің өсуі пандемияға дейін де акушерлік-гинекологиялық салада қордаланған мәселелері бар елдерде қарқынды болған.

Жүкті әйелдер өлімінің көбеюінің себебі басқада. «2014 жылы жүкті әйелдерді есепке алып, оларды бақылау және әйелдерді ана болуға дайындау алғашқы медициналық-санитарлық көмектің жалпы желісіне берілді, әйелдер консуль-

тациялары институты жоғалды. Бұл амбулаториялық акушерлік-гинекологиялық көмектің қолжетімділігі мен сапасына әсер етті», – деді Ғ.Елеуов.

Бүгінде жүкті әйелдерге стационарлық көмек сирек көрсетіледі. Бірқатар өңірде 2015 жылдан бастап мамандандырылған ұйымдар мен бөлімшелердің төсек-орын қоры 30%-ға қысқарды. Саланы материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету ақсап тұр. Ал денсаулық сақтау жүйесінің басты міндеті – көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

Халық көп шоғырланған Алматы шаһарында соңғы жылдары ана мен бала өлімін алдын алуға қатысты біршама шаруалар атқарылды. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағали-

дың айтуынша, бүгінде онкологиялық, пульмонологиялық аурулары бар, түрлі жарақаттар алған, қан айналымы жүйесінің дерті асқынған әйелдердің арасында өлім-жітімді азайту үшін кешенді жоспарлар жасалуда.

Осы ретте Алматы қаласының әкімі Бакытжан Сағынтаев та ана мен бала өлімінің алдын алуға ерекше назар аударуды тапсырды. Ана мен баланы қорғау, МСАК, әйелдер консультациялары және босандыру ұйымдарының жұмысы күшейтіледі.

Қала әкімдігі 2021 жылға барлық медициналық ұйымдардың, соның ішінде екінші, үшінші деңгейлі перзентханаларға медициналық құрал-жабдық сатып алуына қаржы бөлді. Дәрігерлер мен мамандардың біліктілігін арттыруға 238 млн. теңге бөлінді.

дейін тандауына болады. Конкурс аттестаттағы міндетті және бейіндік пәндерден қойылған бағаның конкурстық балы бойынша есептеледі. Ал педагогикалық, медициналық және шығармашылық мамандықтарда оқығысы келетін түлектер шығармашылық емтихандар тапсырып, сұхбаттасудан өтеді. Арнайы немесе шығармашылық емтихандарды колледж жанынан құрылған комиссиялар жүргізеді.

– Биыл колледжге түсушілер арасындағы конкурс 2 кезең бойынша өткізіледі. Конкурс 9-сыныптан соң түсетін талапкерлер арасында 19–22 тамыз аралығында, ал 11-сыныптан соң түсетін түлектерге – 22–25 тамыз аралығында өтеді. Егер гранттар игерілмеген жағдайда талапкерлер арасында мемлекеттік білім гранттарын қайта бөлу жүргізіледі.

Оқуға қабылданғаны туралы ақпарат талапкердің жеке кабинетіне келеді. Жалпы, колледждерге қабылдау мерзімі 31 тамызда аяқталады, – деді арнайы брифингте ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Насымжан Оспанова.

Білім министрлігінің мәліметінше, елімізде 795 колледж бар. Биылғы гранттардың 435-і мемлекеттік, 170-і жекеменшік колледжге бөлінді. Сонымен қатар, 10 бағытқа сай 200-ден астам мамандық бойынша 97 мың грант бөлініп отыр.

АНА ӨМІРІ ҚЫМБАТ



Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ,
ҚР ҰҒА академигі:



– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қыруар істер атқарылды. Оның алдында, 1988 жылы Алаш қайраткерлерін ақтау басталды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы ел тізгінін ұстағанда жұмыс ілгерілей түсті. Ең тұшымдысы – «Бабалар сөзі». Мұнда қазақтың аргы-бергі фольклоры түгенделді. Әлі де 15 пайыз шамасында жиналатын дүниелер баршылық.

Иә, бұдан да басқа құнды еңбектер бір төбе. Жалпы, осының бәрі еркіндіктің нәтижесі. Елімізде ғылымның, академияның болғаны дұрыс. Ол – мемлекеттіліктің белгісі. Қазақтың айбынды, ілімдар, өнерлі жұрт болып ұйысқанын көре берейік!

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
ҚР мәдениет қайраткері:

– Егеменді халық болу – ата-баба арман-мұраты еді. Міне, біздер көрудеміз. Тәубе! Тәңірдің тәтті сыйы. Сакралды ұғыммен тең. Әлемде көптеген халық бар. Әліге дейін өз қолдары өздеріне жетпегендері қаншама. Бізге эволюциялық жолмен өркендеу қажет. Мәселе ептеп шешімін табады. Әркім өз саласында маман болса, даму деген сол. Қазақы қарақөздеріміздің ынтасы қуантады. Болашақ солардың қолында. Байқасаңыз, үлкен буын біртіндеп жастарға орын беруде, жәймендеп республикамыздың тағдырын тапсырып бара жатқандаймыз. Мұны өмірдің заңдылығына балаймыз. Алда талайды бағындыратынымызға сеніммен қараймын.



Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры:



– Бала оқытып, шәкірт тәрбиелеуден асқан бақыт жоқ. Өмірімді осы арнауға арнаған адаммын. Қарапайым ауылда туып, арман қуып, қалада оқыдық. Кеңестік дәуір өтті. Егемендік келді. Алғашында қиындау болды. Бүгінде жайнап-жадырап келеміз. Дүние жүзінің дамыған державаларымен иық тірестірудеміз. Жаһандық аренада өз орнымыз айқын. Сол биікке шығу барда, соны ұстап тұру бар.

Ендігі максат – тұғырымыздың беріктігін сақтау. Көшпенділер аманатына адалдық танытайық. Күлтегін, Тоныкөк билеушілердің «Мәңгілік ел» қағидаты бағдар болсын.

Дүйсенгүл ЖАҒАН,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
аға ғылыми қызметкері,
фольклортанушы:

– Егемендіктің маңызы жоғары. Киелі ұғым. Ауқымы кең. Оны ешбір нәрсеге теңей алмаймыз. Сондай қастерлі. Өркез шамшырақ, еңсемізді тіктеп жүруге серпін береді. Ең негізгісі, басқаға кіріптар емеспіз. Сол қырынан келгенде мәндірек. Бейбіт, мамыражай күндерді кешіп жүргенге не жетсін. Қадірін біліп, түпкі ойын ұғынайық. Мейрамнан мейрамға басымыз аман, бауырымыз бүтін жете берейік.



Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Колледждерге – 97 мың грант



Рая
ЕСКЕНДІР

Білім жүйесіне биылдан бастап жаңа ережелер енгізіліп отыр. Бұдан былай колледждерге қабылдау рәсімі жаңа ережелер бойынша жүргізіліп, тегін білім алғысы келетіндер үшін квоталар саны артты.

Сонымен қатар, биыл педагогикалық, медициналық, шығармашылық мамандықтардан өзге мамандыққа түсетін түлектер қабылдау емтихандарын тапсырмайды. Конкурс кезінде кол-

леджге түсушілердің аттестаттағы міндетті және бейіндік пәндерінің орташа балы есептеледі. Биылғы тағы бір ерекшелік – бұрын гранттар колледждер арасында бөлініп келсе, енді олар талапкерлердің тандауына қарай берілетін болды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын тандаған түлектерге өз құжаттарын 25 маусымнан бастап электронды түрде Egov.kz арқылы немесе тікелей колледждерге барып та тапсыруларына болады.

Колледжді тандаған түлектер 4 мамандық пен 4 колледжге



«РАҚЫМДЫ ҰЙҒАРЫМ»

«Жусан» арнайы операциясы негізінде деректі фильм түсірілді

Еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Сириядағы қақтығыс аймағындағы қазақстандықтарды елге қайтару үшін жүзеге асырылған «Жусан» арнайы операциясы негізінде деректі фильм түсірілді. «Рақымды ұйғарым» фильмінің аңдатпасын Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік комитеті жариялады. 32 минуттық фильмде Қазақстан азаматтарының Сириядағы ұрыс қимылдары жүріп жатқан жерлерде өмір сүргені, олардың елге қалай қайтарылғаны, балалар мен ересектерге кімдер көмек қолын созғандығы, олардың бүгінгі күнгі өмірлері жайлы баяндалған. Сондай-ақ, арнайы операцияға бастамашы болып, халықаралық келіссөздер жүргізген ресми орган өкілдері пікір білдірген. Фильмде Сирияда болған азаматтар елге қайту-қайтпаудың екіталай болғанын, келесі минутта не болатынын білмей күн кешкенін жеткізген.



«Емханалар болды, солардың ішін де араладық. Емханалардың іші жантүршігерлік жағдайда еді. Азаматтарымызды түрме, лагерьлерден іздеп, тапқан адамдарымыздың тізімін жасадық», – дейді ҰҚК қызметкері.

Сондай-ақ, ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева «Осындай сауабы мол қызмет атқарып жүрген азаматтардың жұмысы әрқашан нәтижелі болуына тілектеспін. Олардың жұмысы еліміздің тыныштығымен өлшенеді. Қызметі табысты, нәтижелі болсын. Әр қызметкердің деніне саулық, отбасына амандық тілеймін», – деді.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Деректі фильм 13 шілде күні жарыққа шығып, көгілдір экрандағы көрермен қауымның назарына ұсынылды.

Еске сала кетсек, «Жусан» арнайы операциясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2019 жылдың 6 қаңтарында ұйымдас-тырылды. Екі жыл ішінде 5 рет арнайы операция жүргізілді. Нәтижесінде 607 қазақстандық Отанына оралды: 1-кезең – 47 адам: 6 ер адам, 11 әйел, 30 бала; 2-кезең – 231 адам: 16 ер адам, 59 әйел, 156 бала (ішінде 18 жетім бала бар);

3-кезең – 246 адам: 8 ер адам, 67 әйел, 171 бала (ішінде 9 жетім бала бар); 4-кезең – 71 адам: 3 ер адам, 19 әйел, 49 бала (ішінде 5 жетім бала бар); 5-кезең – 12 адам: 4 ер адам, 1 әйел, 7 бала (ішінде 2 жетім бала бар).

Аллея ашылды



ДЕЙІН



КЕЙІН



Рая
ЕСКЕНДІР

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен елорда күні құрметіне орай Назарбаев даңғылының төменгі бөлігінде (Райымбек көшесінің батыс беткейі) орналасқан аллеяның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Аллеяның ашылу салтанатына Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева қатысты.

– Астанамыздың құрметіне Жетісу ауданы тұрғындарының атынан тарту

ретінде ашылып отырған бұл нысан әлі-ақ қаламыздың көрікті жерлерінің біріне, тұрғындардың демалыс орнына айналатын болады, – деді аудан басшысы.

Нысанның ашылуына жиналған қала тұрғындарының көңіл күйі де ерекше болды. Жаңадан ашылған нысан күн санап көркейіп келе жатқан ауданның келбетіне көрік қосып, кемелдене түсері анық. Абаттандырудан кейін керемет келбетке ие болған аумақ қала тұрғындарының өмір сапасын арттырып, жайлы демалыс орны болатыны сөзсіз.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЖОБАСЫ

Жасанды интеллект өкпе ауруларының, оның ішінде пневмония, туберкулез, ісінудің (онкология) ең жиі кездесетін 14 белгісін анықтауға қабілетті



Алматы қаласының Цифрландыру басқармасы 2020 жылы коронавирустық инфекцияға қарсы әрекет ету үшін 15 жобаны іске асырған болатын, оның екеуі 2021 жылы 5 ақпанда өткен форумда таныстырылды. Ұсынылған жобалар онкологиялық аурулар мен ишемиялық инсультты алдын ала диагностикалау секілді күрделі бағыттардағы тар шеңберлі дәрігер мамандарының тәжірибелік қызметінде жасанды интеллекттің қолданысын көздейді. Өздеріңіз білетіндей, нейрорадиология саласында осы уақытқа дейін пациенттерге МРТ арқылы диагноз қойылып келгені белгілі, бірақ адамның көзі КТ суретінде пайда болған цитотоксикалық ісінуді байқамайды. Оның үстіне, дәрігер инсульт диагнозын симптомдар белгі бергеннен бастап 6 сағаттан кейін қоя алады.

– Аудандық аурухана дәрігерінің онкологияның немесе ишемиялық инсульттің бастапқы сатысын анықтауға жеткілікті сараптамалық қабілеті немесе тәжірибесі болмауы мүмкін, ал цифрлық технологиялар бірден дұрыс диагноз қойып, пациентті мамандандырылған медициналық мекемеге шұғыл жеткізу шешімін қабылдауға көмектеседі. Сондықтан тар шеңберлі білікті мамандардың барлық пациенттерге тұратын жеріне қарамастан көмек көрсетуін қамтамасыз ету үшін барлық Қазақстан бойынша жасанды интеллектті қолданатын жобалардың ауқымын кеңейту өте маңызды, – деп атап өтті Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері Манас Рамазанов.

CEREBRA жобасын Almaty A.I.Lab лабораториясының білікті мамандары ойлап тапқан. Жас ғалымдардың 2018 жылдан бастап жасанды интеллект технологияларымен айналысып келе жатқанына аз ғана уақыт болса да, әлем халықтарының таң-



дайын қақтырарлық жетістіктерге жетіп үлгерген жайы бар. Олардың РФММ, СДУ, ҚБТУ, Назарбаев Университеті, Мәскеу мемлекеттік университетінің және британдық жетекші ЖОО түлектері екенін баса айта кеткен жөн.

– Команда жас, болашағы зор, креативті, оның құрамында бағдарламашылар, математик, физик, нейрорадиологтер бар, – дейді жоба менеджері Меруерт Сайфуллақызы. – Біз бағдарламалық жасақтаманы 3 жыл бойы мұқият әзірледік. Отандық ауруханалардан КТ деректерінің архивін сұрадық. Ең бірінші болып Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының бас дәрігері Алмаз Джувашев жауап беріп, бізге қолдау көрсетті. Жалпы, бұл мәліметтермен елімізде осындай мәселе бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені, оларды талдауға арналған КТ дерекқоры жоқ. Сондықтан біз жасанды интеллектті сынау үшін бәрін біртіндеп жинадық. Өзіміздің өнертабысымызбен біз ауруханаға уақытында барып, нақты диагноз қойылған жағдайда инсульттің емделетінін, миды зақымданудан сақтауға болатынын дәлелдегіміз келеді. Мидың өзгеру нәтижелері бойынша ақпаратты автоматты түрде беретін Cerebra мобильді қосымшасын пайдаланып, біз уақытты барынша үнемдейміз, әрі барлық емдеуші топ бір желіде болып, кеңес бере алады.

Шаһар – осынау тың бастаманы алғашқылардың бірі болып қолдаған

өңір. Қазіргі таңда бұл жүйемен Қазақстанның түрлі қалалары, атап айтқанда Нұр-Сұлтан, Талдықорған, Тараз, Көкшетау, Өскемен, Атырау, Павлодардың 64 ауруханасы жұмыс жасайды. Қондырылған жасанды интеллекттің арқасында дәрігер шұғыл қорытынды жасап, әрі қарай емдеуді аса қажетсінетін пациенттердің түсірілімдерін талдау мүмкіндігіне ие.

– Инсультті медикаментозды емдеудің терапевтік уақыты 4,5 сағатты құрайды, осы уақыт аралығында диагнозды дұрыс қойып, емдеу түрін таңдау қажет. Терапевтік талдау уақыты шеңберінде мидың зақымдану дәрежесін анықтап үлгеру мүмкін болса, дер кезінде емді бастап, мидың істен шығуының алдын алуға болады. Көбінесе инсульттің даму сатысын анықтау үшін компьютерлік томография түсіріліміндегі сұрғылт тоннан адам көзінің ерекшелігіне байланысты ондағы айырмашылықты анықтау мүмкін болмайды, ал жасанды интеллект оны 10 минутта жасай алады. Ишемиялық инсультті анықтау үшін жасанды интеллекттің алгоритмі ең күрделі болып есептелетінін атап өткен жөн. Өйткені, анықтаудың жоғары дәрежесіне жеткен компаниялар әлемде көп емес екенін атап өткен жөн, – деді Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының бас дәрігері Алмаз Джувашев.

Жасанды интеллекттің көмегімен күрделі ауытқулар анықталған түсірілімдерге автоматты түрде жоғары қызыл белгі қойылады. Келесі кезек ауытқулары аз және ауытқулары жоқ түсірілімдерге беріледі. Жасанды интеллектпен өңделген түсірілім салыстыру үшін тікелей түпнұсқа суретімен бірге сақталады. Өндеудің нәтижесінде табылған ауытқулардың жылу картасы мен симптомдардың тізімі жасалады. Сервис өкпе ауруларының, оның ішінде пневмония, туберкулез, ісінудің (онкология) ең жиі кездесетін 14 белгісін анықтауға қабілетті. Нәтижелері автоматты түрде дәрігердің қатысуынсыз өңделіп, сақталады. Жасанды интеллекттің көмегімен талдау жасау ауытқулары бар пациентке сол түсірілім жасалған күні диагностика жасауға мүмкіндік береді. Осы сервис түрі болмаған кездері пациенттер нәтижелерін 3-тен 14 күнге дейін күтетін. Қазір PACS 84% диагностика жасау дәлдігімен күніне 300-ге жуық рентген түсірілімдерін өңдейді.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ЭЦҚ кілтін флешкамен тасымалсыз



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Елімізде осы жылдың соңына дейін бұлтты электронды цифрлық қолтаңбаны енгізу жоспарланып отыр. Жоба eGov платформасында іске асады.

Жаңа қызмет ЭЦҚ алу процесін айтарлықтай жеңілдетуге және оны жоғалтпауға мүмкіндік береді. Жалпы ЭЦҚ алу Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы ең жиі сұралатын қызметтердің бірі. Былтырдың өзінде 5 миллионға жуық қазақстандық электронды цифр-

лық қолтаңба алуға өтініш берген. Бұл қызметке сұраныс барлық өтініштердің 30 пайызын құрайды.

– Өткен жылдың күзінен бастап mGov мобильді қосымшасында биометриялық деректер арқылы авторизация мен тіркеуді іске қостық. Бұлтты ЭЦҚ осы биометриялық деректер бойынша болады. Жүйенің өзі файлдық болмайды. ЭЦҚ қашықтағы серверлерде сақталады және биометриялық сәйкестендіру арқылы алынады, – деді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» басқарма төрағасының бірінші орынбасары Сүйеніш Әбділдин.

Шахматтан үздік атанды



Әсел
ДАҒЖАН

Сербияда «Serbia Chess Open 2021» кезекті шахмат опен турнирі аяқталды. 12 жастағы қазақстандық шахматшы Даниял Сапенов 9 мүмкін ұпайдың 8-ін жинап, «Serbia Chess Open 2021» халықаралық турнирінде (әуесқойлар арасында) бірінші орынды жеңіп алды.

Сондай-ақ, бірнеше отандасымыз сәтті ойын үшін ақшалай сыйлықтар алды. Әуесқойлар арасындағы топқа 30 елден 194 шахматшы қатысты.

Шахмат бойынша ҚР ерлер құрамасының мүшесі, Халықаралық шебер Денис Махнев «Serbia Chess Open 2021» (шеберлер арасында) көптен күткен 3 гроссмейстерлік балды орындады. Естеріңізге сала кетейік, жоғары шахматшы атағына қол жеткізу үшін халықаралық гроссмейстердің 3 нормасын алып, 2500 рейтингіне қол жеткізу қажет.

Шахмат бойынша ҚР жастар құрамасының мүшесі, ФИДЕ әйелдер шебері Ксения Балабаева халықаралық шебер нормасын орындады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

– Қоғамдағы құқықтық мәдениеттің рөлі қандай?

– Құқықтық мәдениет қоғам үшін өте маңызды. Құқықтық мәдениет пен құқықтық сана деген өзара мағыналас ұғымдар. Құқықтық мәдениет мемлекеттік діни-этникалық қауым мүшелері қабылдаған және олардың қызметтерін реттеу үшін пайдаланылатын құндылықтар. Көбінесе бұл көпұлтты, көпдінді қоғамға тән. Мәселен, елімізде әдет-ғұрып, салт-дәстүрлік құқықтық мәдениеттен басқа, орыс, кәріс, ұйғыр, т.б. ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлік құқықтық мәдениеті қалыптасқан. Яғни құқықтық мәдениеттің қалыптасуы белгілі бір ұлттың дініне, тілі мен діліне, санасына тікелей байланысты.

Әлемде болып жатқан пандемияға байланысты биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасына 4 арнайы жаңа жоба қосылды. Соның бірі – құқықтық мәдениет. Құқықтық мәдениет жобасының негізгі қағидаттарының бірі – бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру және құқықтық мәдениеті мықты қоғам құру екені белгілі.

– Елдегі құқықтық мәдениеттің деңгейі қандай?

Құқықтық мемлекетте адам құқығының қорғалуы азаматтардың құқықбұзушылыққа қарсы тұра білуіне, заң арқылы өз құқығын кез келген жерде, әртүрлі жағдайда қорғай алуына байланысты көрініс береді. Адамның өмір сүру құндылығы құқықтық мәдениетте екенінде дау жоқ. Осы орайда, заңгер, адам құқығы жөніндегі сарапшы Самал СЕРІКБАЙҚЫЗЫмен сұхбаттасқан едік.



– Еліміздегі құқықтық мәдениеттің деңгейі осыдан бірнеше жыл бұрынғыдан едәуір өсті деуге болады. Оның айқын көрінісі құқықтық мәдениетті қалыптастыратын бағдарлама аясында түрлі іс-шаралар әлеуметтік желілерде, газет-журналдарда, телеарналар-

да, оқу орындарында белсенді жүргізілуде. Осындай жобаларды, іс-шараларды өткізу барысында халықтың құқықтық мәдениет деңгейі өскенін байқадық. Мәселен, сауда орындарынан тауар алған жағдайда бақылау касса шегін талап етсе, бұл азаматтардың

құқықтық мәдениетінің белгілі бір деңгейде өскенін көрсетеді. Құқықтық мәдениет қалыптасуы – мемлекет дамуының бастамасы.

– Қазақстан Республикасының азаматы нақты білуге тиіс заң немесе ережелерді айтып берсеңіз?

– Адам білуге тиіс заңдарды тізбектеп айтып отыру мен үшін заңгер ретінде қате болар еді. Себебі, мемлекеттегі әрбір азамат білуге тиіс ол – Ата Заң. ҚР Конституциясының 1-бабының 1-бөлігінде: «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, бостандығы, тыныштығы» деп анық көрсетілген. Адамның өмірі, денсаулығы, тыныштығы, бостандығы мен құқығы Конституциямен қорғалады. Бұдан басқа, адам білуге тиіс заң жоқ. Әр азамат осы қағиданы білуі керек әрі сол заңдардың орындалуын әрбір азамат қадағалаған жөн деп санаймын.

Адамның дүниеге келгеннен бастап басты құқығы – өмір сүру құқығы. Білім алуға, өз денсаулығын қамтамасыз етуге, сүйікті ісімен айналысуға құқығы бар. Қарапайым тілмен айтқанда, заңда тыйым салынбаған барлық іс-әрекетті орындауға құқылы.

Бір қуантарлығы, қазір, тіпті, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің көбі өз құқықтарын жақсы біледі. Адам қарапайым ғана құқығын жақсы білсе, қоғамда құқықтық прогресс болады. Әлемдік шеңберде сол мемлекеттің құқығының емес, құқықтық мәдениетінің тиісті деңгейде дамығанын көрсетеді.

– Қай елдің құқықтық мәдениетін үлгі етуге болады?

– Әлемде қай мемлекетті алып қарасақ та, оның өзіне тән құқықтық санасы, мәдениеті бар. Дәл солай біздің елдің де ерекше тұсы бар. Ол – көп ұлттылық. Салты мен дәстүрі әр алуан ұлттардың бір мемлекетте бірлікте өмір сүруі – құқықтық мәдениеттің озық үлгісі.

Зейінді қалай дамытуға болады?

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Жаһандану дәуірінде барлық ақпаратты игеру заман талабы екені анық. Көштен қалмай, бәрін біліп, бәріне үлгеру керек. Бірақ кейде зейіннің белгілі бір іс-әрекетке тұрақтап, назар аудармауы мақсатқа жетуге кедергі келтіріп, сайып келгенде зейін тұрақсыздығына алып келеді. Әсіресе, зейінді бала кезден қалыптастырса, біраз жеңіл болары сөзсіз.

Зейіннің сапасын арттыруға болады. Адам зейіні неғұрлым тұрақты болса, ісі де өнімді болады. Жалпы адамның елу жастан кейін зейіні нашарлайды екен. Ал жастардың зейінді арттыруда күш-қуаты мен тәжірибесі аз, егде жастағылардың тәжірибесі мол, бірақ зейіні сапасыз келеді. Психолог мамандардың пікірі осыған саяды.

Балаларда тілдің шығуына байланысты зейіннің қалыптасуы байқала бастайды. Зейін дегеннің өзі ой-сананың белгілі бір іс-әрекетке шоғырлануы. Ата-ананың немесе үлкендердің

ықпалымен балаларға түрлі талаптарды қою арқылы бала зейіні дамып отырады.

Жаннұр БОЛАТҚЫЗЫ,
балабақша тәрбиешісі:

– Қазіргі балалар өте зерек. Барлық техниканы өте қысқа уақыттың ішінде меңгеріп алады. Кез келген нәрсені жасап көруге талпынысы мен қызығушылығы жоғары келеді. Кейде кішкентай балалардың өзі ата-анасы мүлдем күтпеген, үлкен кісілердің айтатын сөздерін айтып таңқалдырып жатады. Бүгінде балалардың әрқайсысы айтқанды тез ұғып алады. Есте сақтау қабілеті, үлкенмен, өздерінің қатарластарымен қалай сөйлесу керек екенін балабақшада тәрбиешілер үнемі қамтып, қадағалап отырады. Қазақтың ертегілері, аңыз әңгімелерін бала санасына қуып, әртүрлі өлеңдер, жаңылтпаш, мақал-мәтел жаттатып, олардың ойлау қабілетін, зейін зердесін дамытып отырамыз.

Ақгүл ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
балалар психологі:

– Қазіргі таңда балаларда жиі кездесетін мәселелердің бірі – белгілі

бір істі жасауға деген зейіннің жетіспеушілігі көбінде гипербелсенділікпен бірге байқалады. Ата-аналар көбінде, «балам мектепте берген үй жұмыстарын толық жасамайды, бір орнында отырмайды, айтқан сөзді соңына дейін тыңдамайды, ұмытшақ, ретсіз, үнемі заттарын жоғалтып алады» деген сияқты шағымдармен келеді. Зейіннің жетіспеушілігі кейде баланың ми анатомиясы мен функцияларындағы бұзылулар немесе генетикалық себептерінен болады. Сонымен қатар, технологиялық құралдарды шектен тыс қолдануы баланың әлеуметтік дағдыларының дамуына кері әсер етеді. Сондай-ақ, күйзеліс, алаңдаушылық, қорқыныштар, тілге (сөйлеуге) байланысты мәселелер де әсер етеді. Алайда, өкінішке қарай, қазіргі білім беру саласында жеке адамның ерекшеліктеріне, мінез-құлық, жаңашыл ғылыми көзқарастар ұсынылғанымен, мұғалімдер ұстынымы керісінше баланың қабілетін ескеруден тыс қалған. Бұл да зейіннің жетіспеушілігінің бір себебі.

Ата-ана баланың кез келген істеріне қолдау білдіріп, талпынысына назар аудару керек. Әр бала өзіне тән ерекшелігімен туады. Ата-анасы да баланың мінезі, әлемі әртүрлі екенін мойындау керек. Баланың өмір сүріп жатқан ортасын мүмкіндігінше зейінін қалыптастыруға қарай бейімдеу өте маңызды. Баланы өз күнін жоспарлауға үйрету де зейінді дамытуға көмектеседі. Үй жұмыстары мен отбасындағы бала үшін қызықты іс-шаралар зейінділікті дамытады.

Баланың беймәлім тұстарын ашу, спортпен, музыкамен айналысуын қолдау өте маңызды. Сондай-ақ, ойын жасындағы балалармен бірге зейінді дамытатын ойындарға бейімдеу керек.

Үнемі «puzzle» сияқты сәйкестендіру, әңгімені жалғастыру, жартылай сызылған пішінді толықтырып сызу, әңгіме, ертегілердің жалғасын айту, суреттер арасындағы айырмашылықтарды анықтау сияқты ойындар балалардың зейінін дамытуға көмектеседі. Қазіргі кезде телефондағы бейнежазбалардың өте жылдам әрі алуан түрлі көп болуына қатысты балалар бір сағатта көруге тиісті дүниені бірнеше минутта көруге және бір істі соңына дейін көрудің орнына келесіге көшуге бейім келеді.

15–21 ШІЛДЕГЕ АРНАЛҒАН ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

ТОҚТЫ (21 наурыз – 20 сәуір)

Апта жаңа жұмыс іздеп жүрген тоқты белгісіндегілер үшін қолайлы болмақ. Қаражат мәселесі реттеліп, керектіңізді сатып аласыз. Сүйіктіңізбен арадағы қарым-қатынасыңыз жақсарары.

ТОРПАҚ (21 сәуір – 21 мамыр)

Дене жарақатын алып қалудан сақтаныңыз. Спорттық жарыстарға қатысудан бас тарканыңыз дұрыс. Мұнымен қатар, жұлдыздар қомақты қаржыны талап ететін келісім-шарт жасаспауға кеңес береді.

ЕГІЗДЕР (22 мамыр – 21 маусым)

Отбасылы егіздер үшін апта жайсыз болмақ. Дегенмен, романтиканы ұмытпаған жөн. Демалыс күндері театрға, концерттік бағдарламаларға барғаныңыз жөн.

ШАЯН (22 маусым – 22 шілде)

Аптаның алғашқы бөлігінде ескі таныстарыңызбен қайта қауышасыз. Өзгенің жұмысын орындамаймын деп әлек болмаңыз. Жалақыңыз өсуі немесе лотерея билеттерінен ұтысқа ие болуыңыз мүмкін.

АРЫСТАН (23 шілде – 23 тамыз)

Махаббат мәселесінде аздаған қиындық туындауы мүмкін. Аптаның екінші бөлігінде жетістікке жетесіз. Кастингтерге, жарыстарға қатысудан қашпаңыз. Қызметіңізде жағымды өзгеріс болады.

БИКЕШ (24 тамыз – 22 қыркүйек)

Отбасы мүшелерімен, сүйіктіңізбен қарым-қатынаста барынша ұстамдылық танытыңыз. Жасы үлкен ағайыңыз ауырып қалып, сізге ауыртпалық түсуі мүмкін. Бұл апта біліміңізді көтеруге, дамытуға қолайлы болмақ.

ТАРАЗЫ (23 қыркүйек – 22 қазан)

Аптаның қарбаласы көп болады. Уақытыңызды босқа шығындайтындардан аулақ болыңыз. Махаббат кездесулері сәтті өтеді. Демалыс күндері сауна мен бассейнге, фитнес клубқа барыңыз.

САРЫШАЯН (23 қазан – 21 қараша)

Қаржы мәселесін алдын ала жоспарлап қойғаныңыз жөн. Өйтпесе, өзіңізге керек затты сатып алуда ақша жетіспеуі мүмкін. Сонымен қатар, сүйіктіңізді қуанта алмай, киноға бара алмай қиналасыз.

МЕРГЕН (22 қараша – 21 желтоқсан)

Үй шаруасына қатысты қиындықтар туындайды. Аптаның екінші бөлігінде қорқыныш сезіміне бөленесіз. Кез келген іске бел буып, білек сыбана кірісіңіз және олардың барлығы да сәтті өтеді.

ТАУЕШКІ (22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Жаңа адамдармен танысасыз. Олардың арасында дұшпандарыңыз да болады. Осы аптада жұлдыздар ешкімге сыр бермеуге кеңес береді. Ең бастысы, жақын адамдарыңыздан сыйлық пен хат алатыныңызды ұмытпаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ (21 қаңтар – 19 ақпан)

Ойға алғаныңызды жүзеге асыруда қиындыққа тап боласыз. Достарыңызбен қарым-қатынасыңыз нашарлауы мүмкін. Апта соңы отбасылық өмір үшін барынша оңтайлы әрі қызық болмақ.

БАЛЫҚТАР (20 ақпан – 20 наурыз)

Мансабыңызға байланысты қиындықтар туындайды. Бастығыңыз сізді қатаң бақылауға алып, қосымша тапсырма беруі мүмкін. Демалыс күндерін жақын жандармен өткізуге тырысыңыз.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең гажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



2001 жылғы 9 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен Елордада «Атамекен» Қазақстан картасы» этнографиялық-мемориалдық кешені ашылды. Аспан астындағы мұражай Қазақстанның кішірейтілген картасы іспеттес. Мұндай кешендер дүние жүзінің 17 елінде ғана бар. Ұлыбритания, Испания, Германия, Бельгия, Австрия, Швейцария сияқты бірқатар әлем елдеріндегі осындай мұражайлық құрылымдар үлгісімен жасалған қазақстандық «Атамекенде» 14 облыс, 2 қала – Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының макеттері қойылған.

Тәуелсіздігіміздің оныншы жылы Қазақ Елі үшін сыртқы саясатта дипломатиялық қарым-қатынастың кең өріс алған кезеңі болды. Сондай-ақ, дербес дамудың он жылында талай кедергілерді қажырлы ерік-жігермен жеңе білген ел билігі осы жылы АҚШ-та жасалған терактілердің салдарынан ушығып кеткен халықаралық жағдайды ескеріп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де баса назар аударды. Елбасының қатысуымен өткен осы жылдың еңшісіндегі қайсыбір кездесулер мен алқалы жиындарды

зерделер болсақ, ұлттық экономиканы одан әрі дамыту мен нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін, халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттыру мәселелері күн тәртібінен жыл бойы түскен емес. Жұмыссыздықпен күрес, инфляцияны ауыздықтау, кылмыс пен коррупцияға жол бермеу, мүтедектерді, балалар мен жастарды, әлеуметтік тұрмысы нашар отбасыларды қамқорлыққа алу, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын барынша жақсарту бағыттарына ерекше басымдық берілді.



22–25 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Рим Папасы Иоанн Павел II-мен кездесті. Ұлы Қазақ Еліне алғаш рет келген Ватикан мемлекетінің басшысы ыстық ықыласпен қарсы алған қауымға алғыс айтып, қазақ топырағын сүйді. «Саған Құдайдың рақымы жаусын, сен келешекте қарыштап дамитын ел боласың, Қазақстан!» деп, ақ тілегін білдірді.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2001

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 10 жыл!
2. Семей ядролық полигонының жабылуының 10 жылдығы.
3. Рим Папасы Иоанн Павел II-нің Қазақстанға мемлекеттік сапары.

5 ҚАҢТАР

Мемлекет басшысы Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы мемлекетаралық кеңесінің алқалы басқосуына қатысты. Алматыда өткен бірінші саммитте Еуразиялық кеңістікті қалыптастыру бағытындағы Елбасы ұсынған жоба қолдау тапты.

20–22 АҚПАН

Бұл күндері Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Малайзия Федерациясында болды. Куала-Лумпурде Малайзия премьер-министрі М.Мохаммадпен өткен екіжақты кездесулерде ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

19 НАУРЫЗ

Мемлекет басшысының Жарлығымен «Астананың гүлденуі – Қазақстанның көркеюі» атты еліміздің Бас қаласын әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.



30 НАУРЫЗ

Президент ұсынысымен «Болашақ» халықаралық стипендиаттарының Қауымдастығы құрылды.

2–4 СӘУІР

Нұрсұлтан Назарбаев Норвегия Корольдігінде ресми сапармен болды. Осы елдің

премьер-министрі Йенс Столтенбергпен кездесуде жаңа технология, кеме құрылысы, мұнай мен газды тасымалдау мен транзитті дамыту салалары аясында келелі уағдаластықтарға қол жеткізілді.

26 СӘУІР

Стамбул қаласында Түркітілдес мемлекеттер басшыларының VII саммиті өтті. Алқалы жиынға қатысқан Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылық хартиясын әзірлеуді ұсынды.



6 МАМЫР

Қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев, экипаж мүшелері – борт инженер Юрий Батулин, тұңғыш ғарышкер-турист Деннис Тито бар «Союз – ТМ-32» кораблі Жерге оралған күн. Ғарышкерлер осы күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болды.



9 МАМЫР

Нұр-Сұлтан қаласында «Отан қорғаушылар» мемориалдық кешені ашылды.



11 МАМЫР

Елордада қаһарман қолбасшы, қазақтың соңғы ханы – Кенесары Қасымұлының еңселі ескерткіші ашылды. Мүсіншілері – Нұрлан Далбай мен белгілі сәулетші Шота Уәлиханов. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 11 метр (қоладан құйылған бейненің биіктігі – 6 метр, гранит тұғырдың биіктігі – 5 метр).



18 МАМЫР

Елордадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратына көк түркілер көсемі Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесі қойылды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» тақырыбы бойынша халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.



1 МАУСЫМ

Беларусь астанасы – Минск қаласында ЕурАзЭҚ мемлекеттері көшбасшылары кеңесінің басқосуы өтті. Төраға болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды.



9 МАУСЫМ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Елордада «Атамекен» Қазақстан картасы» этнографиялық-мемориалдық кешені ашылды. Аспан астындағы мұражай Қазақстанның кішірейтілген картасы іспеттес. Мұндай кешендер дүние жүзінің 17 елінде ғана бар. Ұлыбритания, Испания, Германия, Бельгия, Австрия, Швейцария сияқты бірқатар әлем елдеріндегі осындай мұражайлық құрылымдар үлгісімен жасалған қазақстандық «Атамекенде» 14 облыс, 2 қала – Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының макеттері қойылған.



15 МАУСЫМ

Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласында «Шанхай бестігіне» мүше мемлекеттер басшыларының кезекті саммиті өтті. Тарихқа жүгінсек, «Шекара аймағындағы әскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы келісім» (Шанхай қ., ҚХР, 1996 жыл) және «Шекара аймағындағы әскери күштерді өзара қысқарту туралы келісім» (Мәскеу қ., РФ, 1997 жыл) негізінде «Шанхай бестігі» деген термин пайда болған еді. 2001 жылғы бестіктің сапына алтыншы мүше болып Өзбекстан қосылғаннан кейін Ұйымның атауы Шанхай ынтымақтастық ұйымы деп өзгертілді. Өзбекстанды «Шанхай ынтымақтастық ұйымына» қабылдау туралы бірлескен Мәлімдемеге қол қойылды. Саммитте ұйымның атын «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» деп өзгерту жөнінде ұсыныс



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ОТЫЗ СӘТІ

қабылданып, ШЫҰ үкіметаралық халықаралық ұйым ретінде қалыптасты. Ұйым барша еуразиялық аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тұрақтылықты сақтауды көздейтін Еуразия мемлекеттерінің көп-тарапты қауымдастығы.



Қазіргі уақытта Ұйымға сегіз мүше-мемлекет бар: Үндістан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы. Төрт мемлекет ШЫҰ жанындағы байқаушы мәртебесіне ие мемлекеттер, олар – Ауғанстан Ислам Республикасы, Беларусь Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Моңғолия Республикасы. Алтауы – ШЫҰ сұхбат бойынша әріптес мәртебесіне ие мемлекеттер, олар – Өзербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Камбоджа Корольдігі, Непал Федеративті Демократиялық Республикасы, Түркия Республикасы, Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы.



Бүгінде ШЫҰ (байқаушы және сұхбат бойынша әріптес мәртебесіне ие мемлекеттермен бірге) 3 миллиардтан астам тұрғынды немесе дүние жүзі халқының 50 пайызға жуығын құрайды. Ұйымға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің екі тұрақты мүшесі және ядролық қаруға ие екі мемлекет – Қытай мен Ресей, әлемде халқы көп екі ел – Қытай мен Үндістан, сонымен қатар БРИКС-ке мүше бес елдің үшеуі – Ресей, Үндістан, Қытай және әлемде қуат көзін мол тұтынатын екі ел – Үндістан мен Қытай кіреді.

ШЫҰ-ға тән ерекшелік – Ұйым мәртебесі бойынша НАТО сияқты әскери блокқа жатпайтын, АСЕАН сынды қауіпсіздік бойынша тұрақты ашық кеңес емес аралық ұстанымы бар ұжым. ШЫҰ бейбітшілікті қамтамасыз ету және үшінші тараптарға бағытталмаған саясатты қарастыратын «Қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын» қолдайды.

26 МАУСЫМ

Нұр-Сұлтанда «SOS Қазақстан балалар қалашығы» ашылды.



29 МАУСЫМ

Нұрсұлтан Назарбаев «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлыққа қол қойды.

27 ТАМЫЗ

Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі тағайын-



2001 жыл – елімізде автомобиль жолдары жылы болып жарияланды. Трансевразиялық магистраль «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасы басталды. Еліміздегі жолдардың көп бөлігі жөнделіп, жаңа жолдар салынды. Әуежайлар мен Каспийдегі теңіз порты қайта құрылды.

далды. Медальдің сыртқы бетінің жоғарғы жағына – «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» жазуы, ал төменгі бөлігінде «10 лет Независимости Республики Казахстан» деген жазу бар.

29 ТАМЫЗ

Алматыда Семей ядролық полигонының жабылғанына 10 жыл толуына байланысты «XXI ғасыр ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды» атты халықаралық конференция басталды. Ядролық қарусыздану мәселелеріне арналған конференцияда Елбасы: «Біздің конференциямыз ізгілікті мақсатты – XXI ғасырды адамзаттың ядролық қатерден құтылатын ғасырына айналдыру мақсатын көздейді. Біздің даусымыз бүкіл әлемге естілуі тиіс, естіледі де!» деді.



7 ҚЫРКҮЙЕК

Ақтау қаласында Қазақстан жастарының 1-ші Конгресі өтті.

22–25 ҚЫРКҮЙЕК

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Рим Папасы Иоанн Павел II-мен кездесті. Ұлы Қазақ Еліне алғаш рет келген Ватикан мемлекетінің басшысы ыстық ықыласпен қарсы алған қауымға алғыс айтып, қазақ топырағын сүйді. Шапағатты Әкей сапар барысында «Отан-Ана» ескерткішінің алдында 20 мыңға жуық адамға уағыз айтты. Қазақстан мен Орталық Азия католиктері үшін Қасиетті месса өткізді. «Саған Құдайдың рақымы жаусын, сен келешекте қарыштап дамитын ел боласың, Қазақстан!» деп, ақ тілегін білдірді.



17 ҚАЗАН

Елордада «Қазақстан және Назарбаев: өзгерістер қисыны» кітабының таныстыру рәсімі болып өтті.

29 ҚАРАША

Ресей астанасы – Мәскеу қаласында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Тараптар Ресейдің Байқоңыр ғарыш айлағын жалдау ақысын төлеу жөніндегі келісімге қол қойды.



8 ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен АҚШ Президенті Дж.Буш ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестікті нығайту туралы мәлімдемеге қол қойды.



17–22 ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Испания Корольдігіне, содан соң АҚШ-қа, одан кейін соңғы күні Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландияға жұмыс сапарымен барып қайтты.

16 ЖЕЛТОҚСАН

Елордада Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыс болып өтті. Жиында Президент Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.

СТАТИСТИКА:

2001 жылы Президент республика өңірлеріне 17 рет, шет елдерге 19 рет ресми сапарға шықты. Бір жыл ішінде барлығы 143 Заң қабылданып, 192 Жарлыққа қол қойылды.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

